

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ  
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ШАЙКЕН АМАНАТ АМАНҰЛЫ

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни  
экстремизмге қарсы іс-қимыл шаралары

7M04203 «Құқықтану» (ғылыми және педагогикалық бағыт) білім беру  
бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға  
диссертация

Ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім  
беру институты Арнайы заң пәндері  
кафедрасының доценті  
А.А. Ешназаров,  
заң ғылымдарының кандидаты,  
кіші әділет кеңесшісі

Тең ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім  
беру институты Әлеуметтік-  
гуманитарлық пәндері кафедрасының  
меңгерушісі  
Б.Ғ. Нұрмағамбетов,  
саяси ғылымдарының кандидаты,  
әділет аға кеңесшісі

Қосшы қ., 2022 ж.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық жұмыс қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі өзекті мәселелердің бірі діни экстремизммен күреске бағытталған. Зерттеудің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексін қайта қарастыру бойынша ұсыныстар енгізіледі. Мекеме қызметкерлерінің діни экстремизм саласында біліктіліктерін жетілдіру мақсатында ведомстволық оқу орындары мен діни ұйымдардың бірлесіп жұмыс атқару аясында нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы бастамашылық ұсынылады.

## РЕЗЮМЕ

Диссертационная работа направлена на борьбу с религиозным экстремизмом, одной из наиболее актуальных проблем в учреждениях уголовно-исполнительной системы. По итогам исследования будут представлены предложения по пересмотру Уголовно-исполнительного кодекса Республики Казахстан. В целях совершенствования квалификации работников учреждений в сфере религиозного экстремизма в рамках совместной работы ведомственных учебных заведений и религиозных организаций будут представлены рекомендации об утверждении нормативно-правовых актов.

## SUMMARY

The dissertation work is aimed at combating religious extremism, one of the most pressing problems in institutions of the Penal correction system. Based on the results of the study, proposals for revising the Criminal executive code of the Republic of Kazakhstan are proposed. In order to improve the skills of employees of the institution in the field of religious extremism, recommendations are proposed on the approval of normative legal acts within the framework of joint work of departmental educational institutions and religious organizations.

## МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР	МЕН
ҚЫСҚАРТУЛАР .....	4
КІРІСПЕ .....	5
<b>1. ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ</b>	
1.1 Пенитенциарлық мекемелердегі діни экстремизмнің түсінігі .....	11
1.2 Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизмнің пайда болуы және таралу себептері.....	24
1.3 Шетел мемлекеттерінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизммен күрес шаралары.....	34
<b>2 ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ</b>	
2.1 Экстремистік сипаттағы қылмыстар үшін сотталғандарға қылмыстық-атқару орындарындағы қадағалау, ұйымдастырушылық, жедел-іздістіру және алдын алу шаралары.....	52
2.2 Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің діни экстремизмге қарсы күрес бойынша құқықтық негіздемесін жетілдіру жолдары.....	70
ҚОРЫТЫНДЫ.....	83

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	89
ҚОСЫМША 1. Енгізу актісі.....	100
ҚОСЫМША 2. Нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарға салыстырма кесте.....	101
ҚОСЫМША 3. Сауалнама.....	104
ҚОСЫМША 4. Сауалнама нәтижелері.....	108

#### БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР:

АИВИ - Адамның иммунтапшылық вирусы инфекциясы

АҚШ – Америка құрама штаттары

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ДАИШ- Ирак және Шам Ислам мемлекеті

ЕҚЫҰ- Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтамақтастық ұйымы

КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы

ҚАЖК –Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті

ҚАК – Қылмыстық-атқару кодексі

ҚК – Қылмыстық кодексі

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚХР – Қытай Халық Республикасы

РФ – Ресей Федерациясы

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ФЖОҚ – Федералды жазаларды орындау қызметі

ІМ – Ішкі істер министрлігі

ЭДЫҰ – Экономикалық ынтамақтастық пен даму ұйымы

PRI – Penal Reform International Халықаралық түрме реформасы

CoPPRa - Community Policing and the Prevention of Radicalisation

ЈAKIM - Jabatan Kemajuan Islam Malaysia

CD – Compact Disk

## КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Біртұтас мемлекеттің ғана емес, бүкіл әлем қауымдастығының тұрақтылығын бұза алатын ең қауіпті және жойқын құбылытастардың бірі – экстремизм болып табылады. 2001 жылы 15 маусымда ҚХР Шанхай қаласында өткен «Шанхай» конвенциясында «экстремизм» сөзіне «күштеп басып алуға арналған кез келген әрекет, мемлекеттің конституциялық құрылымын күштеп өзгерту, қоғамдық қауіпсіздікке күш қолдану» деп терминологиялық мағына берілген [1].

Діни экстремизм – басқа діндерді ұстанушы адамдарға төзімсіздік танытып, соған сәйкес қоғамға қарсы, көбінесе заңға қайшы, соның ішінде азаматтарға қарсы күш қолдану әрекеттеріне шақыру болып табылады.

Жалпы «экстремизм» деген терминге қазіргі әлем ғалымдары мен сарапшылары түрлі анықтамалар берген. Бірақ, ортақ бір шешімге келмеген. Бір анығы ол қоғамға, мемлекетке және жалпы әлемге қауіп төндіретін құбылыс. Ал, соның ішіндегі діни экстремизм дегеніміз – дәстүрлі дінді бұрмалап, жат «идеяны» белсенді насихаттау, зайырлы жүйеге қарсы әрекет ету.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап, «діни экстремизм» саласында көптеген қиындықтарға тап болды. Бұның негізгі себебі, қазақ елінің 74 жыл бойы Кеңес үкіметінің отарлауында болып, осы саясат кезінде «атеистік» көзқарастың орнатылуы болып табылады. Нақты дін саласындағы мамандардың, яғни теологтардың жоқтығы, халықтың діни сауатсыздығы үлкен проблемаға әкеліп соқты. Қылмыстық-атқару жүйесінде

осындай үлкен өзгерістер мен проблемалардан сырт қалған жоқ. 2000 жылдардың басында жазаны орындау орындарында діни көзқарас қалыптаса бастады. Сотталғандардың осындай теріс бағыттағы өзгерістерге және әлеуметтік жаңашылдыққа тез бейім болғандықтан «діни экстремизм» ұғымы орын ала бастады.

Мекеме әкімшілігінің және құқық қорғау органдарының, осы салада кәсіптік білімінің жоқтығы салдарынан және күні-бұрын мұндай ауқымды проблемалармен жолықпағаннан кейін, Ақтау, Балқаш қалаларында орналасқан түзеу мекемелерінде діни радикалды бағыттағы сотталғандармен ұйымдасқан, мекеме әкімшілігіне қарсы теріс бағыттағы іс-әрекеттер орын алды [2].

Қазіргі таңда діни экстремизммен күрес жолындағы жағдай әлде қайда жақсарды. Құқық қорғау органдарымен атқарылып жатқан еңбектері орасан зор болғанымен, қылмыстық-атқару жүйесі саласында әліде де, арнайы контингент арасында радикалды дінді ұстанушылар көбеюде. ҚАК-нің 13-бабына [3], сәйкес әр сотталған қандай дінді ұстанса да өзінің жеке басының құқығы. Дәстүрлі дінді ұстанып жүріп радикалды теріс бағыттағы исламға бет-бұратын сотталғандар түзеу орындарында кездесетін жиі құбылыс.

Мекеме әкімшілігінің сотталғандарды жұмыспен толық қамти алмау салдарынан, іс-әрекеттің жоқтығынан, теріс бағыттағы дінге бет бұрып жатқан сотталғандар да аз емес. Мекеме әкімшілігінің діни білімінің аздығы, яғни дәстүрлі дін ұстанушылармен, радикалды дін ұстанушыларды ажырата білмеуі. Түзеу орындарындағы сотталғандардың басым бөлігі радикалды дінді ұстанатынын білдіртпейді. Қылмыстық-атқару жүйесі мекеме қызметкерлерінің діни сауатының төмендігі салдарынан сотталғанның діни теріс көзқараста екенін айқындау біршама қиынға түседі немесе ол сотталған қызметкерлер назарынан тыс қалады. Бұл өз кезегінде радикалды діни сенімдегі сотталғандар, дәстүрлі діни сенімді және дін ұстанбайтын сотталғандарға радикалды көзқарас тарата бастайды. Сол себепті мекеме әкімшілігінің діни сауаттылығын арттыру мақсатында арнайы дін саласындағы мемлекеттік органдармен бірлесе отырып,

мекеменің сотталғандармен тікелей қарым-қатынасқа түсетін мекеме қызметкерлерін және Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің діни сауаттылығын арттыру курстарын өткізу керек.

Қылмыстық-жазаны орындау орындары еліміздің стратегиялық маңызы бар объект болып саналады. Түзеу орындарындағы «діни экстремизм» ертеңгі болашағымызға әкелетін қауіп-қатер. Мысалы, 22 мамырда 2019 жылы Тәжікстан Республикасы Душанбе қаласына қарасты, Вахтанг ауылды мекенінде орналасқан қатаң ұстау жағдайы түзеу мекемесінде «ИГИЛ» атты экстремистік ұйымның сотталғандары түзеу мекемесінде көтеріліс ұйымдастырып, түзеу мекемесінен қашпақшы болған соның салдарынан, 3 мекеме қызметкері және 29 сотталған қаза тапты. Осы жағдай қылмыстық-атқару орындарындағы «діни экстремизм» өте күрделі және өте маңызды мәселе екенін дәлелдейді. [4]

Бұл айтылған тақырыптың өзектілігін растайды және жоғарыда аталған мәселелерді кешенді теориялық және қолданбалы зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Шешілетін ғылыми және практикалық мәселенің қазіргі жағдайын бағалау. Қазіргі таңда елімізде 64 түзеу мекемесі және 19 тергеу изоляторлары бар. Қылмыстық-атқару жүйесінің 2020 жылғы мәліметіне сүйінсек, елімізде 30 337 сотталғандар ұсталуда, оның ішінде 5262 сотталған тергеу изоляторларында ұсталады. Жалпы 2010 жылдан бастап, сотталғандар саны 100 000-нан 30 000 сотталғанға дейін азайған бұл өте жақсы көрсеткіш, алайда елімізде экстремистік қылмыстар үшін сотталғандар саны ұлғайып келеді [5].

Экстремистік қылмыс үшін сотталған тұлғалар, түзеу орындарында дін ұстанатын сотталғандар арасында ерекше құрметке ие, оның салдары ол экстремистік қылмыс үшін сотталған азаматтар, жалпы контингентті, мекеме әкімшілігіне қарсы қоюы мүмкін. Жоғарыда айтылғандай қызметілердің діни білімнің жоқтығы, қылмыстық-атқару жүйесінің кадрларының жетіспеушілігі, соның салдарынан көптеген радикалды сотталғандардың назардан тыс қалуы,

«діни экстремизм» бағытындағы инженерлік-қадағалау құралдарының аздығы, кейбір мекемелерде жоқтығы, радикалды діни көзқарастардың таралуына әкеліп соқтырады.

Шетел тәжірибесіне сүйенетін болсақ діни экстремизм үшін сотталған азаматтар және радикалды көзқарасы бар сотталғандар бөлек оқшауланған мекемелерде ұсталады. ҚР ҚАК-де нақты бір бап, яғни діни қылмыстар үшін және түзеу мекемелеріндегі теріс діни көзқарас пайда болғаны үшін сотталғандарды арнайы мекемеге жіберу туралы өзгеріс енгізу. Осы ғылыми зерттеу диссертациясында сол проблемалар қарастырылатын болады.

Зерттеу мақсаты. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизмге қарсы заң нормаларын кешенді зерттеу және туындаған проблемаларды шешу жолдарын ұсыну.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі *зерттеу міндеттерін* орындау көзделді:

- қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі экстремизм идеялары енуінің болдырмау мәселелерін зерттеу;
- қызметкерлердің арнайы даярлығын арттыру бойынша шетел мемлекеттерінде қылмыстық-атқару жүйесіндегі діни экстремизммен күрес шараларын зерттеу;
- экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталған азаматтардың жұбайлары мен жақын туыстарына қатысты дерадикализация іс-шараларын жүргізу.

Зерттеу объектісі. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизмге қарсы іс-қимыл әрекеттері және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында туындайтын қоғамдық қарым-қатынастардың тиісті спектрі.

Зерттеу тақырыбы. Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару құқықтары нормаларының жиынтығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесінің діни экстремизмге қарсы халықаралық, шетелдік және ТМД елдерінің заңнамасы.



Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдістемелік негіздері. Жұмыстың әдіснамалық негізін материалистік диалектика категориялары құрайды. Зерттеу әдістемесіне ақпарат алу мен өңдеудің әртүрлі жалпы ғылыми және нақты ғылыми әдістері мен құралдарын қолдану кіреді. Диссертациялық зерттеу анализ және синтездің жалпы ғылыми әдістерін қолдана отырып нақты, жүйелік әдіске көтерілді. Зерттеу барысында жеке ғылыми әдістер де қолданылды: салыстырмалы құқықтық, формальды логикалық.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі.

Магистрлік диссертацияда теориялық маңыздылығы ҚР қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің арнайы контингент арасында діни экстремизмнің алдын алу теориясы мен практикасы үшін маңызды әлеуметтік құқықтық проблеманы шешумен анықталады. Диссертацияда тұжырымдалған тұжырымдар мен ұсыныстар қолданыстағы заңнаманы діни экстремизмді алдын алуға қатысты жетілдіруге болады.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1. Деструктивті діни ағымның, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде таралмауы мақсатында, экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандарды басқа қылмыс үшін сотталғандардан окшаулап, бөлек ұстау ұсынылады.

Осыған байланысты ҚАК-тің 94-бабын (*сотталғандарды бөлек ұстау*) 2-бөлігін 4 абзацпен келесідей редакциямен толықтырылсын: «Экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандарды, басқа сотталғандардан қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері ішінде арнайы блокта немесе басқа қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бөлек ұсталуы қажет.»;

2. Құқық қорғау органдарының қызметкерлердің діни экстремизм мәселесіне қатысты кәсіби біліктілігін арттыру бойынша деструктивті діни ағымның алдын-алу мен таралмауға қатысты әрекеттер жүргізу мақсатында құқық қорғау органдарына тағайындалатын үміткерлер үшін қызметке алғаш рет кіретін азаматтарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет

істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 1 бұйрығының Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тесттен өткізу қағидалары, бағдарламалары және оны ұйымдастыруға 3-қосымшасының «Құқық қорғау органдары» (15 сұрақ), сөздерінен кейін келесі сөздермен ««Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ),»» сөздерімен толықтырылсын.

3. Деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды дерадикализациялауға және үкіметке деген радикалды, деструктивті көзқарасын өзгерту барысында олардың әйелдері және күйеулеріне, отбасыларына психологиялық, әлеуметтік жәрдем көрсету қажеттілігі туындады.

Осы тиімді тәсілді республикамыздың аумағында қолданысқа енгізу үшін ҚР-ның «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 6-бабын (*көзделген адамның (отбасы) өмірлік қиын жағдайда жүр деп танылуы мүмкін негіздерге*) 13 тармағымен келесідей редакцияда толықтырылсын: «экстремизм қылмысы үшін сотталған тұлғалардың отбасы мүшелері.»;

Апробация және нәтижелерін енгізу. Диссертация нәтижесі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі деструктивті ағымдағы сотталғандарды бөлек арнайы блоктарда немесе мекемелерде ұстау мәселесі;

Мекемеде қызмет атқаратын қызметкерлердің және жалпы құқыққорғау органдары қызметкерлерінің діни экстремизм және деструктивті діни ағымдар бойынша біліктіліктерін арттыру;

Деструктивті ағымдағы сотталғандармен дерадикализация жұмыстары кезінде мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік пакеттерді жақсарту болып табылады:

## 1. ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

### 1.1 Пенитенциарлық мекемелердегі діни экстремизмнің түсінігі және мәні

Диссертация Қазақстанның пенитенциарлық жүйесіндегі ең өзекті тақырыптарының бірі – қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизмге арналған.

Жер шарының әртүрлі аймақтарындағы саяси шиеленістер мен қарулы қақтығыстар осы аумақтарда тұратын халықты радикалдандырады. Экстремистік идеялар суға тасталған тастан шеңбер ретінде біртіндеп көрші және басқа елдерге тарайды.

Қазақстанның геосаяси орналасуын ескере отырып, бұл проблема біздің республикамызды да айналып өтпеді. Уақыт өте келе радикалды ағымдар мен экстремистік көзқарастардың жеке жақтаушылары бас бостандығынан айыру орындарына түседі. Уәкілетті органдар бұл құбылысқа қарсы күрес бойынша, оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қажетті іс-шаралар кешенін жүргізіп жатқаны даусыз.

Осыған қарамастан, осы проблеманың өсіп келе жатқан өзектілігін ескере отырып, түрме жағдайындағы экстремизм идеяларымен күрестің кейбір аспектілері туралы субъективті пікіріммен бөліскім келеді.

Ең алдымен, осы кезеңде біздің қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызметінде сотталғандардың осы санатының тәуекелдерін бағалаудың сапалы әдістемесі жоқ. Мұндай бағалау дамыған түрме жүйелерінде кеңінен қолданылады және әр сотталушының жеке басын оның қауіптілік дәрежесі мен қайталану ықтималдығы туралы психологиялық зерттеуді білдіреді. Тәуекелдерді бағалау кезең-кезеңімен жүргізіледі және динамикалық көрсеткіштер негізінде жазаны орындау процесін барынша дараландыруға

және нақты тұтқынға қатысты қайта әлеуметтендіру әдістерін түзетуге мүмкіндік береді.

Сот үкімі жасалған әрекеттерге тек заңды баға береді. Дегенмен, үкімде экстремистің себептері мен мақсаттары ашылады, бірақ бұл оның санасының тереңдігіне ену үшін жеткіліксіз. Сондықтан, біздің елімізде пробацацияны дамыту тәжірибесінің үлгісі бойынша экстремистерге қатысты тәуекелдерді бағалаудың сапалы құралдарын әзірлеу және енгізу қажет.

Қазіргі уақытта қылмыстық-атқару жүйесіндегі психологтары осы сотталғандармен жұмыс жасауда жалпы психологияға негізделген кейбір әдістерді қолданады. Бірақ контингенттің ерекше санатын ескере отырып, біздің пенитенциарлық мекемелеріміздің тәжірибесінде жоқ экстремистік идеялардың тасымалдаушыларына бейімделген тәуекелдерді бағалаудың арнайы құралдарын қолданған жөн.

ҚР-ның пенитенциарлық жүйесі – ұлттық қауіпсіздікке төнуі мүмкін қауіп-қатерді болдырмау, олардың алдын алу бойынша міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы іс-әрекет ету бағытында мемлекеттік органдардың құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекеттегі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықтың, азаматтар мүдделерінің, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерде қызмет атқаратын қызметкерлердің, кездесуге барып тұратын тұлғалардың (*қорғаушылар, қоғамдық ұйымдар, діни қызметкерлер, сотталғандардың жақын туыстары және т.б.*), мекемелерде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың қауіпсіздігі пенитенциарлық жүйеге жүктелген міндеттердің орындалуымен жүзеге асады. Қылмыстық жазалардың орындалуын қамтамасыз ету жүйесінің органдары мен мекемелеріндегі жағдай біздің мемлекетіміздегі ұлттық қауіпсіздіктің жалпы жағдайына тікелей ықпал етеді.

ҚР-ның 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 1-бабының б) тармақшасына сәйкес

Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері – іске асырылуынан мемлекеттің адам мен азаматтың құқықтарын, қазақстандық қоғамның құндылықтарын және конституциялық құрылыс негіздерін қорғауды қамтамасыз ету қабілеті байланысты болатын, Қазақстан Республикасының заңнамалық тұрғыдан танылған саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да қажеттіліктерінің жиынтығы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдары, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыруға заңды негізде қатысатын азаматтар мен ұйымдар құзыретінің ара-жігі нақты ажыратылған және олардың үйлесімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілген кезде дәйектілікпен іске асырылатын мемлекеттік саясат арқылы қол жеткізіледі [6].

Тәуекелдерді бағалау сотталғандардың қаралатын санатын олардың қауіптілік дәрежесі бойынша сараланған топтарға бөлуге, бұл ретте неғұрлым идеялық санаттарды анықтауға және олармен жұмыс істеуде ресурстарды ұтымды бөлуге мүмкіндік береді. Шынында да, олар сотталған Қылмыстық кодекстің бірдей баптарына қарамастан, олардың барлығы қате түсініктерге, көзқарастарының тереңдігі мен тұрақтылығына, практикалық тәжірибеге, сондай-ақ басқа параметрлерге байланысты ерекшеленеді. Олардың әрқайсысының осы жолда өз тарихы болды.

Мысалы, Сомалиде әскери экстремизм үшін сотталған 800-ден астам адамға қатысты қолданылған ұқсас бағалау құралдары олардың тек 148-і идеологиялық немесе діни көзқарастарға негізделгенін анықтауға мүмкіндік берді, ал қалғандары үшін қаржылай ынталандыру болды. Бұл тұтқындардың соғысушы экстремистер тобына қосылуына кедейлік себеп болды. [7].

Бастапқы скринингті тергеу изоляторлары жағдайында да жүргізу қажет. Одан әрі тәуекелдерді бағалау өзгерістердің динамикасын көру үшін және қажет болған жағдайда жұмысты түзету үшін, сондай-ақ сотталған адамды босату кезінде әлеуметтік және басқа қызметтерге олармен одан әрі

жұмыс істеу бойынша нақты ұсыныстар беру үшін кезең-кезеңімен жүргізілуі керек.

Тәуекелдерді бағалаудың осы әдістемесін әзірлеу жолдарын әзірлеу үшін пробация сияқты оң шетелдік тәжірибені пайдалану керек деп ойлаймыз. Отандық мамандар түрлі үлгілерді зерделеп, біздің жағдайымызға неғұрлым қолайлы үлгілерді таңдап, қажет болған жағдайда пысықтап, бекітіп, практикаға енгізуі қажет.

Қаралып отырған қамаудағылар санатымен жұмыс істеу ерекше білімді, ептілік пен дағдыны талап етеді. Бұл жерде қылмыстық-атқару жүйесінің бұрынғы проблемаларды шешудегі үлгі тәсілдері мен тәжірибесі көмектеспейді. Түрмелерде туберкулезбен және АИВИ-инфекцияларымен күрескенде, сотталғандардың өздері өз сауығуын қалап, дәрігерлердің ұсынымдарын орындағанда бір нәрсе. Тағы бір нәрсе - емделгісі келмейтін адамдар туралы, бұл жағдайда олардың сенімдерінен бас тартқысы келмейтін адамдар туралы.

Сонымен қатар, адамның сыртқы мінез-құлқы әрқашан оның ішкі жағдайына сәйкес келмейтінін есте ұстаған жөн. Ұжымдық ұстау нысаны бар біздің пенитенциарлық мекемелеріміздің жағдайында көптеген сотталғандар жабық болуды, жағдайға бейімделуді және өздерінің шынайы ниеттерін бүркемелеуді әдетке айналдырады. Бұл олардың теріс ортада үнемі болу жағдайындағы мәжбүрлі қорғаныс реакциясы.

Экстремистік идеяларды таратушыларға келетін болсақ, олардың ережелеріне сәйкес, төтенше жағдайларда олардың шынайы ұмтылыстарын жасыру үшін сылтау айтуға болады. Қысыммен олар экстремистік көзқарастардан ауызша немесе жазбаша түрде бас тарта алады, сендіру үшін қандай да бір әрекеттер жасай алады, бірақ іс жүзінде олар өз сенімдерін сақтайды. Сондықтан мінез-құлықты бағалаудың стандартты құралдары, еңбекке адал қарау, ұстау режимін бұзудың болмауы, мінез-құлықтың белгілі

бір оң деңгейінің болуы және т.б. экстремистің нақты ойлары туралы объективті ақпарат бермейді.

Мұның бәрі түрме қызметкерлерінен адам психологиясын, терең теологиялық білімді, радикалды идеялардың тасымалдаушысын «сканерлеуді», сондай-ақ діни нормалар мен постулаттарға сүйене отырып, пікірталас пен сендіруді талап етеді.

Бұл мәселеде сыртқы көмексіз түрме ресурстарына сүйене отырып, бірде-бір ел жетістікке жете алмады. Бұл Иордания сияқты мұсылман елінің мысалында айқын көрінеді, онда әр мемлекеттік органда қызметкерлермен жұмыс істеу үшін имамдар ресми түрде қызметке қабылданады.

Атап айтқанда, Сириядағы әскери қақтығыстардың басталуымен Иорданияға бір жарым миллионнан астам босқын келді, олардың арасында ДАИШ, еркін армияның ан-Нусра майданы және басқа да ағымдар өкілдері болды. Бірте-бірте олардың барлығы түрме тұрғындарының арасында пайда болды. Бұл түрме жүйесін өз жұмысының әдістерін қайта қарауға мәжбүр етті, өйткені радикалдандырылған тұтқындар түрме имамдарын мойындамады, сонымен қатар оларды ашық түрде «кафир» деп атады. Тәуелсіз имамдарды тартқаннан кейін ғана осы бағыттағы жұмысты жолға қойып, жағдайды бақылауға алды.

Бүгінгі таңда Иорданияда экстремистік тұтқындарды оңалту жүйесі үш саланың мамандарын қамтиды: діни лидерлер, психологтар және қауіпсіздікке жауапты түрме қызметкерлері. Бұл жүйе сәтті жұмыс істейді.

«Пенитенциарлық діни экстремизм» түсінігіне тоқталмас бұрын, жалпы «діни экстремизм» ұғымының пайда болу жолдарына терең көз жүгіртсек.

Қазақстан дүниежүзілік қауымдастық мүшесі ретінде халықаралық деңгейдегі ең күрделі әлеуметтік құбылыстардың бірі – экстремизмге қарсы белсенді түрде іс-қимыл шараларын іске асырады.

Экстремизм көріністері көптеген мемлекеттер мен олардың бейбіт азаматтарының қауіпсіздігіне сөзсіз нақты қауіп төндіріп, елеулі орны толмас зардаптар келтірді.

Әлем тарихы радикалды экстремистердің іс-әрекеттері салдарынан кінәсіз адамдардың жаппай қырылуына әкелген оқиғаларының көптеген мысалдарын ұсына алады. Мәселен, әлемді дүр сілкіндірген 2001 жылғы 11 қыркүйекте Америка Құрама Штаттары аумағында «Аль-Каида» террористік ұйымы экстремисттері 4 азаматтық жолаушылар ұшақтарын басып алып, осы жанкешті шабуылдар нәтижесінде дүниежүзілік сауда орталығының екі мұнарасына және Пентагон ғимаратына соқтығысқан. Бұл әлемдегі ең ірі теракт салдарынан 2996 адам қаза болып, 6000 астам адам жарақат алды [8].

«Экстремизм» терминін алғаш рет ғылыми айналымға ХХ ғасырдың басында француз заңгері М.Леруа енгізді. Экстремизм (*лат. extremus, фр. extremisme* – «шеткі, шамадан тыс») – белгіленген, қалыпты моральдық, заңдық шеңберден тыс көзқарастарды ұстану, сәйкесті іс-әрекеттерді жасау [9].

Өткен уақыт ішінде «экстремизм» ұғымына сан алуан құқықтық және ғылыми анықтамалар берілгенімен, бүгінгі күні бірыңғай қабылданған анықтама қалыптаспаған.

Шанхайда 2001 жылғы 15 маусымда жасалған терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы бойынша «экстремизм» – билікті күшпен басып алуға немесе билікті күшпен ұстап тұруға, сондай-ақ мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, сол сияқты қоғамдық қауіпсіздікке күшпен қол сұғуға, оның ішінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы құралымдарды ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға бағытталған және тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстық тәртіппен қудаланатын қандай да бір іс-әрекет [1].



ҚР «Экстремизмге қарсы туралы» Заңының 1-бабына сәйкес экстремизм ҚР конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабылетіне нұқсан келтіруде, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды көздейтін күрделі құбылыс екені көрсетілген [10].

Экстремизмнің түрлеріне шолу жасайтын болсақ, қазіргі таңда экстремизмнің жалпыға ортақ, бірыңғай классификациясы белгіленбеген. Бұл таңқаларлық жәйт емес, өйткені қоғамның өзгеруімен экстремизмнің көрініс табу түрлері де, формалары да өзгеріп отырады. Ғылыми әдебиеттерде экстремизмнің төменде келтірілген түрлері жиі кездеседі.

Мысалға, діни, саяси, ұлттық, экономикалық, экологиялық және ғаламтордағы экстремизм, сондай-ақ жастар экстремизмі. Жұмысымыздың қайнар көзі, экстремизмнің республикамыздың аумағында, оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі кең тараған түрі – «діни экстремизм» ұғымына тоқталатын боламыз.

Діни экстремизм – белгілі бір дінді түсіндіруде өте радикалды және фундаменталистік көзқарастарды ұстануымен ерекшеленетін әртүрлі діни ұйымдар мен конфессияларға, топтар мен ағымдарға жататын жеке тұлғаларға тән белгілі бір діни идеология мен іс-әрекетке негізделген экстремизмнің бір түрі болып табылады. Олар қолданыстағы діни дәстүрлерді түбегейлі өзгерту немесе жою мақсатымен бітіспес қарсыласуға *(физикалық зорлық-зомбылықты жан-жақты қолдану, билікті күшпен басып алу, мемлекеттік жүйені күштеп өзгерту секілді әрекеттерді қоса алғанда)* барудан тайсалмайды [11].

Экстремизм нақты іс-әрекеттер арқылы жүзеге асады және ол адам өмірінің барлық салаларында тұлғааралық байланыстарда, қоршаған орта қатынастарында, саясат, дінге қатысты орын алады. Экстремизм өз мәнінде «агрессия» және «қылмыс» ұғымдарын қамтиды. Алайда агрессия саналы әрі бейсаналы болып саналса, экстремизмге мотивация ықпалдылығы тән. Сол себепті, экстремизм адамдарға қатысты орын алатын әлеуметтік құбылыс әрі зорлық-зомбылық көрсетуге бағытталған тәрбиенің немесе сыртқы факторлардың тұлғаға кері ықпалынан пайда болатын салдар болып көрінеді.

Мысалы, заманауи ғылымда экстремизмнің пайда болуына ықпал ететін келесі факторлар:

- әлеуметтік, психологиялық және өнегелік (*өзгелердің пікірлерімен санаспаушылық, айналадағы жағдайды дұрыс пайымдай алмаушылық*), психологиялық тұрақсыздық (*шектен тыс психологиялық белсенділік, тез қабылдаушылық немесе жастық максимализмі, бұлардың барлығы тек арнайы жағдайларда немесе өзге факторлармен қатынасқа түскен кезде ғана пайда болады*);

- әлеуметтік-экономикалық (*материалдық жағдайының төмен болуы, әлеуметтік теңсіздік*);

- идеологиялық (*жалпы идеологияның әлсіздігі немесе мүлдем болмауы*);

- жұмыспен қамтамасыз ету жағдайы (*жұмыссыздық, төмен жалақы, еңбек қатынастары саласындағы заң бұзушылықтар*);

- әлеуметтік тарихи оқиғалар (*репрессия салдары, соғыс, гуманитарлық апаттар, т.б.*) [11].

Діни экстремизм ұғымына жоғарыда жалпылама түсінік келтірдік. Ендігі кезекте діни экстремизмнің жолдары түрлерінің мағынасын ашатын боламыз.

Діни экстремизм деп белгілі бір діни сенімдегі ұстанымның шектен шыққандығын, оның жеке және әлеуметтік топтардың дүниетанымы мен іс-

әрекеттеріндегі көріністерін айтуға болады. Сонымен бірге діни экстремизм қоғамда қалыптасқан дәстүрлі діни құндылықтарды жоққа шығарып, агрессивтік пиғылда өз дүниетанымын, ұстанымдарын басқаларға мойындату үшін әртүрлі күрес жолдарын таңдайтыны да белгілі. Күрес жолдары үгіт насихаттан бастау алып, одан әрі қорқыту, үрейлендіру, манипуляция, гипноз және адам өліміне апаратын шектен шыққан іс-әрекетке дейін болатыны белгілі.

Сонымен қатар діни экстремизм – экстремизмнің саяси, ұлттық және т.б. түрлері секілді радикалды топтардың діни, саяси немесе экономикалық салаларда басымдылықтарға ие болу жолындағы құралы ретінде қолданылады. Діни экстремизм клерикализм немесе діни фундаментализм құбылыстарымен жиі қабысып отырады. Әсіресе, діни фундаментализм діни экстремизм платформасы ретінде қолданыс табады. Сондай-ақ діни экстремизм мәдениетаралық және ұлтаралық қатынастар саласында қолданылады. Бұл жағдайларда ол саяси немесе ұлттық экстремизмнің идеологиясы ретінде көрініс табады. Діни экстремизм – экстремистік іс-қимылдардың өзге түрлерімен тығыз байланыста болып, олардың түрлі саяси мүдделеріне қол жеткізуде идеологиялық және ұйымдастырушылық қызмет атқарады.

Діни экстремизмнің жалпы тұжырымдамасында діни салада орын алатын экстремизм ретінде қарастыруға болады.

Діни ортада пайда болып, жалпы мөлшерде тәртіпті мойындамайтын, құқықтық шеңберден тыс шыққан көзқарас пен іс-әрекеттер діни экстремизм болып табылады. Тұтастай алғанда діни экстремизмді анықтаудың екі тәсілін айқындауға болады:

1. Діни сананың ішкі конфессиялық және конфессияаралық дағдарысты құбылыстарға ерекшелікті реакция және осы дағдарыстарды діни емес тәсілдермен шешу ретінде қабылдау;

2. Қоғам мен мемлекетке қарсы мазмұндағы нақты саяси құбылыс. Бұл әдісті қолдаушылар діни негіздегі орын алатын шиеленістердің басым бөлігі бірінші кезекте саяси негізге ие болатынын және олар діни емес саяси экстремизм ретінде айқындалады деген пікірді ұстанады. Дін мұндай жағдайларда бағынышты элемент қызметін атқарады [12].

Кеңес үкіметі отарлауы кезінде мемлекетіміздің аумағындағы халықтың сана-сезіміне атеистік көзқарас қалыптасты. Атеизм – құдайға деген сенімнің болмауы, бүкіл дін конфессияларын теріске шығарумен ұштасатын көзқарас. Кеңес одағы билік жүргізу саясатына сай атеистік насихатты қарқынды жүргізу туралы үкімет тарапындағы тиісті нормативтік-құқықтық актілер қабылданған.

Тарих толқынына көз салатын болсақ, жоғары оқу орындарында «Ғылыми атеизм негіздері» атаулы курстар жүргізілген. Білім алушыларға К. Маркс пен В.И. Ленин еңбектеріне сүйеніп, дін - қоғам дамуының тежеуші факторы деп түсіндірген. Дін – дүниені фантастикалық теріс түрде түсіндіреді. Қандай да бір әдеби туынды, мақала немесе әңгіме болсын атеистік көзқараста таратылған. К. Маркс өз еңбектерінде дінді «халықтың басын айналдыратын апиын» деп сипаттады. Шынында да, дін адамдардың санасын уландырып, басын айналдырады, адамды «о дүниедегі өмірге» дайындалу қажеттілігін ерекшелеп, жер бетіндегі сәулетті, бақытты тұрмыс құру үшін белсенді күресіне өзінің күш-жігерін сарқа пайдалануға кедергі түрінде түсіндірілген.

Атеистік көзқарастың зардабы республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін нақты сезіле бастады. Кеңес дәуірі кезінде елдегі дін тақырыбы «жабулы қазан» күйінде болғаны белгілі. «Еліміздің аумағында егемендік нығайған сәттен бастап, бұл көзқарас түбегейлі өзгерген. Атап айтқанда, исламға деген қызығушылық арта бастаған. Бұл қызығушылықтың екі жағы бар. Біріншісі, діни сауатсыз кейбір адамдар жат ағымдарға ілесіп кетіп жатса, екіншісі, кеңестік идеологиядан шығып, діни білім алуға ұмтылғандар

болды» деген өз ойымен бөліседі Діндерді зерттеу орталығының дінтанушысы Мәди Бесбаев өзінің сұхбатында [13].

Жасыратыны жоқ, «ислам радикализмі» (немесе «фундаментализм») әлемнің көптеген елдері мен аймақтарын деструктивті әсерімен қамтитын ең агрессивті және шешілмейтін құбылыс болып табылары сөзсіз.

Исламның дәстүрлі мағынасын түсіну үшін ислам дінінің негізгі тарихымен танысу қажеттілігі туындайды. Тарих сахнасына нақты көз жүгіртсек, оның тарихы б.з.д. 570 жылы Сауд Арабиясының Мекке қаласында дүниеге келген Мұхаммед пайғамбардан бастау алған. Киелі жазбаларға сай Мұхаммед пайғамбар небәрі 63 жыл өмір сүрген. Ал, 40 жастан бастап оған Алладан хабарлар түсе бастаған. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін оның ең жақын сахабалары (*сахабалар*) барлық мұсылмандардың келесі билеушілері болады: Әбу Бәкір Сыддық (*2 жыл билік еткен*), Омар ибн әл-Хаттаб (*10 жыл билік еткен*), Осман ибн Аффан (*12 жыл билік еткен*), Әли ибн Абу Толиб (*6 жыл билік еткен*). Жалпы алғанда сахабалар басқаруының толық уақыты 30 жылға тең. Осы қысқа уақыт көлемінде ислам діні әлемге өте қарқынды таралған.

Ислам туралы барлық кітаптар араб тілінде жазылған. Осыған байланысты қасиетті жазбаларды араб тілінде сөйлейтін әртүрлі елдерге жіберіліп, ислам діні бүкіл әлемге тараған. Олар өз кезегінде, бірден мешіттер мен медреселер (діни мектептер) құрылыстарын бастап, онда араб жазуы және басқа ғылымдарды оқытқан. Ислам дініне ғылыми көзқарастың ықпал ету салдарынан алғашқы алтын ғасырларында ондаған көрнекті ислам ғалымдары пайда болған. Ал олардың еңбектері негізінде қасиетті Құран мен Сүннетті (Мұхаммед пайғамбардың өмірі) практикалық қолданудың мықты мектептері (мазхабтар) жарық көрген.

Тек төрт діни-құқықтық мектеп одан әрі практикалық дамып, кең тарау алған. Өйткені, олар пайғамбарлық мұраның барлық қырларын қамтыды және осылайша мұсылман қоғамының қалыптасуы үшін жеткілікті болған.

Жоғарыда айтылған құқықтық мектептер басқаша «мазхабтар» деп аталады. «Мазхаб» сөзі араб тілінен алынған, аудармасында «өз жолымен жүру» мағынасын береді. Бүгінгі таңда төрт мазхаб түрі бар және олар өздерінің құрылтайшыларының есімімен аталады:

- ханафи (Имам Әбу Ханифа мазхабы);
- шафиит (имам аш-Шафия мазхабы);
- маликит (Имам Малик мазхабы);
- ханбалит (имам Ахмад ибн Ханбалдың мазхабы).

Осы 4 мазхабтың барлығын бірігіп сүнниттер деп атайды (Ахлю сунна уа әл-жамағат – яғни сүннет адамдары және қауымдар). Тарихи оқиғаларға байланысты құқықтық мектептердің ізбасарлары белгілі бір елдерде таратылды және сәйкесінше олардың бүкіл ғасырлық тарихында өздерінің дәстүрлі құқықтық мектептері қалыптасып, сақталды.

Мысалы, Шафиит мазхабы – Малайзия, Индонезия, Сингапур және басқа елдерде, Маликит мазхабы – Африканың солтүстік елдерінде кең таралған. Сондай-ақ Алжир, Тунис, Ливан, Испания, Араб елдері негізінен Ханбалитік мазхабты ұстанаған.

Орталық Азияның қазіргі аумағына келетін болсақ, бұл елдерге діндерді тарату мақсатында негізінен Имам Әбу Ханифа мазхабының, яғни ханафи мазхабының ғалымдары келді. Сондықтан VII-IX ғасырларда өмір сүрген Орталық Азия халықтары осы мазхабтың іліміне сәйкес дінді қабылдаған. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының діни-құқықтық мектебі Әбу Ханифа мазхабы болып табылады [14].

1990 жылдары еліміз тәуелсіздігін алып, егемендігін бекітіп жатқанда әлемдегі діни ахуал күрделену үстінде келген. Жалпы тарихқа үңілетін болсақ, XX ғасырдың жаңа инновациялық дәуірге аяққа басқалы тұрған әлем экономика және саясат жағынын күшейе бастаған. Исламдық радикализм өрши түсті. Яғни, қасиетті Құрандағы жазбаларды басқаша дәріптеп, жаһандағы өзгерістерге қатысып, пайда көру мақсатында өрши бастады.

Қазақстан өзін тәуелсіз, зайырлы мемлекет деп жариялағаннан бастап, елімізде 1992 жылы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заң (*қазіргі таңда күші жойылған*) қабылданған [15]. Атеистік көзқарастан енді көзін ашқан халық пен билік өкілдері жаһанда болып жатқан діни құбылыстарға дайын болмаған. Оның үстіне көрсетілген заң діни ұйымдарға, белгіленген уәкілетті органның рұқсатынсыз, хабарландырусыз құрылуына рұқсат берген.

Диссертация пәні бойынша зерттеуіміздің ошағы яғни пенитенциарлық мекемелердегі діни экстремизм түсінігіне толығырақ тоқталатын боламыз.

ҚР ҚАК-нің 3-бабының 5-тарауында көрсетілгендей қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесі (бұдан әрі – мекеме) – бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды орындауға, сондай-ақ өлім жазасына сотталғандарды ұстауға арналған мемлекеттік мекеме [3].

Пенитенциарлық мекеме бұл көп адамдардың бір-бірімен өзара тығыз және тұрақты байланыста болатын орын. Сонымен қатар бұл белгілі бір қылмыс жасаған және әртүрлі мерзімге сотталған адамдар. Бұл жерде бірнеше рет сотталған азаматтар және заңды алғаш рет бұзған сотталған азаматтар сот үкімімен жазаларын өтейді. Діни экстремизм санатында қылмыс жасаған сотталған экстремистер жазаларын пенитенциарлық мекемелерде өтейді. Бұл өз кезегінде пенитенциарлық мекеме ішінде діни ахуалдың күрделенінуіне әкеліп соқтырады.

Диссертациямыздың бірінші тарауының, бірінші бөлімін қорытындылай келе жалпы «экстремизм» ұғымының мағынасы, пайда болу тарихы және экстремизмнің түрлеріне сипаттама берілді. Бірінші бөлімде «экстремизм» сөзінің мағынасын аштық, экстремизм пайда болу тарихын, ғалымдардың пікірлерін сараладық. «Экстремизм» ұғымын ашқаннан кейін, қазіргі таңдағы экстремизмнің ішіндегі ең өзектісі «діни экстремизм»-нің да пайда болу тарихын, мән-мағынасын, жөн-жосасын қарастырып, саралап және ғалымдардың пікірлеріне шолу жасап өттік.

Жазылып жатқан диссертациямыз тікелей діни экстремизмге, оның ішінде қазіргі таңдағы ең өзектісі радикалды (деструктивті) исламға қарастырғанды жөн көрдік.

1.2 Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизмнің пайда болуы және таралу себептері

Қазақстан Республикасында жазаларды орындаудың қазіргі заманғы жүйесінің қалыптасу процесі ұзақ әрі күрделі болған. 1990 жылдардың басында Қазақстанның қылмыстық-атқару жүйесі қиын кезеңдерді бастан өткерген. Тәуелсіздік алу қарсаңында Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы ІІМ-нің еңбекпен түзеу мекемелерінде материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етудің ауыр жағдайы қалыптасып, салдарынан өндіріс көлемінің, еңбекпен қамтылған арнайы контингенттің едәуір төмендеуіне әкеліп соққан. Бас бостандығынан айыру орындарындағы орын алған дағдарысты жағдай қылмыстық жазаларды атқару жүйесінің құқықтық негіздерін қайта қарау, сотталғандарды түзеу бағытындағы саясатында түбегейлі өзгерістерді талап еткен [16].

Тәуелсіздік алып, тұғырымызды бекітіп жатқан қиын-қыстау заманда деструктивті теріс ағымдағы ислам діні, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде тамырын жая бастаған. Мемлекетіміз Кеңестік отарлаудан енді көзін ашып, атеисттік көзқарастан құтылған халық жаңа дағдарысқа тап болды. Кеңес үкіметі саясатын жүргізу уақытында пенитенциарлық мекемелерде «Қаралар», яғни «черные» деген ұғым болатын. Кеңес үкіметінен келе жатқан идеология «ұры», орысша тілінен аудармасында «вор в законе» деген мағына беретін көрініс ахуалымен күрес орын алған.

Бастапқы сатыда сотталғандардың құқыққа қайшы теріс әрекеттерінен бас тартып, дін жолына бет бұрғаны қуанышты тенденция ретінде қабылдана бастаған. Алайда мекеме қызметкерлерінің дін саласында қажетті, әрі



жеткілікті білімінің болмауы немесе аздығы салдарынан, сотталғанның дәстүрлі не деструктивті діни ағымын ұстанатынын ажырату мүмкіндігі болмаған.

Діни экстремистік әрекеттер үшін сотталғандар санының өсуіне байланысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазаны өтеу кезеңінде деструктивті экстремистік идеялардың таралуын болдырмау, жою және олардың алдын алу жолында тиімді ықпал ететін іс-шараларды қабылдау мәселесі өзектеніп бола түскен.

Бас бостандығын айыру орындарындағы қоғамнан ажыратылып, оқшауланған, әлеуметтік жағынан осал сотталғандар деструктивті және радикалды ағымдардың үндеуіне және ықпалына оңай түседі. Ұстаудың тиімсіз шарттары және жұмыспен қамтудың болмауы «түрме халқына» экстремистік нанымдарды енгізудің катализаторы болып табылады.

Терроризм мен экстремизмнің алдын алу (соның ішінде, бас бостандығынан айыру орындарында), терроризмге қарсы қызметті психологиялық жағынан қамтамасыз ету мәселелерін зерттеумен Ю.М. Антонян, С.С. Оганесян және басқа да ғалымдар айналысқан. Ғылыми зерттеушілер бүгінгі күні экстремизм тек төтенше жағдайларда ғана ашық жолмен жасалатынын атап өткен [17]. подгонить

Сотталғандар арасында діни экстремизмнің таралу үрдісі ең алдымен жазаны орындау мекемелерінің тікелей қызметіне үлкен қауіп төндіреді. Кәсіби мамандардың пікірі бойынша пенитенциарлық мекемелерде қалыптасатын орта экстремизмді оқыту және дамыту үшін қолайлы болып табылады.

Л.В. Бакулинаның, Р.Н. Халиловтың, А.Р. Мұстафинаның пікірінше, «...бас бостандығынан айыру орындарында экстремизм таралуда. Оның жетекшілері сананы «бағдарламалау» арқылы өздерінің жақтастарын психологиялық тәуелділікке әкелу жолы сотталғандардың санасын қылмыстық мақсатта басқарып, қолдануға толықтай мүмкіндік береді» [18].

Орталық Азиядағы Penal Reform International (PRI) Халықаралық түрме реформасы Қазақстанда сотталғандарды радикаландыру мәселелері бойынша зерттеу жүргізді, соның негізінде сотталған радикал тұлғасының орташа портретін құрады. Сонымен, көп жағдайда бұл 25-35 жас аралығындағы ауылдық жерден шыққан, аз қамтылған отбасында өскен, тұрақты табыс көзі жоқ. Егер ол үйленген болса, онда жұбайы да жұмыс істемейді, үй шаруашылығымен және балалармен айналысады. Ата-аналар, әдетте, зейнеткерлер, сондықтан балаларға көп көмектесе алмайды, олардың өздері көбінесе материалдық көмекке мұқтаж. Яғни, олардың барлығы халықтың әлеуметтік осал топтарына жатады. Экстремизмге және терроризмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны Қазақстанда жылдан жылға өсіп келе жатқандығын осымен ішінара түсіндіруге болатын шығар. Егер 2014 жылы олар 154 болса, 2015 жылы 317, 2016 жылы 554 болды.

Әлеуметтік осалдық - радикалдану проблемаларының бір ерекшелігі, соның салдарынан азаматтарды радикалды идеологияға тарту орын алады. Бірақ әлеуметтік осалдық барлық қиындықтардың кінәсі ғана емес. Біз психологиялық зерттеудің нәтижелерін талдадық және ата-анасының екеуі де, жақсы қаржылық жағдайы болса да, күшті эмоционалды теңгерімсіздікке ұшыраған адамдар деструктивті идеологияға қатысатынын білдік. Әдетте, бұл бала кезінен эмоционалды жылулыққа, махаббатқа, түсінуге мұқтаж, бір кездері ата-анасынан терең психологиялық жарақат алған адамдар. Мұндай адамдар қылмыстық топтарға немесе террористік және экстремистік ұйымдарға қосылуға бейім.

Діни идеялар мен идеяларды пайдалану туралы. Радикалды идеологиялар мен жалдаушылар сенуші адамның санасын басқарады және ол нағыз дін үшін күресетініне сене бастайды. Оның үстіне, бұл екі-үш ай ішінде тез жүреді. Адам радикалды өңдеуден өтіп, жалған діни манипуляциялардың құрбаны болғанын түсінбейді. Осындай күйде ол баруға

мүмкін тіпті самоподрыв. Бірақ оны сендіру және қалпына келтіру үшін көп уақыт кетеді.

Бізді түрмелерде азғыруға және радикалдануға ұшыраған сотталғандар санының көбеюі мәселесі көбірек алаңдатады. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар түрмелерде радикалданудың өсуі туралы пікір білдіруде.

Қазақстандағы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде экстремисттік діни көзқарастардың пайда болуына бірнеше факторлар себеп болуы мүмкін

Біріншісі-надандық, дінді нашар түсіну. Экстремисттік көзқарастардың көптеген жақтаушылары тек топта ұсынылған әдебиеттерді ұстану керек деп санайды. Бұл факт адаптерлерге идеологиялық бақылауды орнату үшін ақпаратты бақылау әдістері тобында қолдану туралы айтады.

Екіншісі-эмоционалды факторлар. Жас жігіттің санасы жаңа нәрсені іздеуге, өмірді және оның рөлін іздеуге ашық, ал әртүрлі мәселелерді түсінуде өмірлік тәжірибе жоқ. Вирустың басына түсу үшін уағыздаушылардың бірнеше бейне көріністері немесе аудио дәрістері жеткілікті. Мұндай топтарда қолданылатын ақпараттың көп бөлігі нейролингвистикалық бағдарламалауға негізделген.

Үшінші себеп-өзімшілдік себептері. Дінді дұрыс түсінбеу адамды өзімшілдікке байланысты қылмыс жасауға итермелеуі мүмкін. Егер қылмыскер пайда табу үшін қарақшылық, тонау және басқа да қылмыстар жасаса, онда деструктивті сипаттағы діни топқа түсіп, ол дінді жасырып, қылмыс жасайды.

Қазақстанның және басқа да елдердің даму тәжірибесі көрсеткендей, діни наным - сенім-бұл ерекше сала, ол өзіне жағымды да, мейірімді де, рухани үйлесім, әлеуметтік қатынастар мен азаматтардың санасы үшін әлеуетті қауіп-қатерді де қамтиды. Сондықтан мемлекеттік саясаттың дін саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу тәсілдері елдің ерекшелігі мен

халықтың мәдени-менталды ерекшеліктерін ескеретін ерекше тәсілдер болып табылады.

Діни экстремизм сын-тегеуріндерінің өршуі және қазақстандық қоғам үшін жат жалған діни оқу-жаттығулардың жаппай ену қаупінің күшеюі жағдайында орта мерзімді перспективаға арналған дін саласындағы мемлекеттік саясатты дамытудың тұжырымдамалық басымдықтарын айқындау талап етіледі.

2016 жылы Қазақстанда дін істері және азаматтық қоғам министрлігі құрылды.

Әрине, мұндай проблема бүкіл әлемде бар және Еуропа елдері, ЭЫДҰ-ға қатысушы елдер бұрын бас бостандығынан айыру орындарындағы тұтқындарды дерадикализациялау бойынша жұмысты бастады. Бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды дерадикализациялау бойынша нақты бағдарламаның болуы маңызды, мен жеке өзім түрме имамы бар Еуропалық бағдарламалармен, апта сайын өткізілетін түрме қызметкерлеріне арналған арнайы тренингтермен таныстым. Қызметкерлер тренингтерден өту үшін төрт күн және бір күн жұмыс істейді.

Осы пікірлерге сүйене отырып, әлемдік түрме тәжірибесінде тұтқындардың санасын толтырудың екі негізгі әдісі бұрыннан қалыптасқан. Біріншісі-ақылы еңбек, екіншісі-оңалту бағдарламалары.

Вольтер айтқандай: «Еңбек адамды үш негізгі зұлымдықтан құтқарады - скучно, вице-қажеттілік». Бұл формула түрмелерде мінсіз жұмыс істейді. Жұмыс істейтін және ақша табатын тұтқын отбасымен тығыз байланысты, өйткені оған материалдық жағынан көмектесуге мүмкіндігі бар. Босатылғаннан кейін қайта әлеуметтену оңайырақ. Сондай-ақ, табиғи себептермен жұмыс істейтін тұтқын жұмыста физикалық шаршайды, сондықтан ол бос уақытын жаман мінез-құлыққа емес, демалуға жұмсайды. []

Түрмелердегі еңбектің пайдалылығы туралы көп айтуға болады, бірақ оның көтерілген мәселеге қатысты басты мәні-тұтқынның санасын толтыру

арқылы жұмыс оны деструктивті идеялардан алшақтатады және олардың біртіндеп әлсіреуіне әкеледі.

Сонымен, біздің мекемелердегі жұмыс мәселесі қалай? Егер ресми деректерге сенсек, бүгінде еңбекке жарамды сотталғандардың 70% - ы жұмыс істейді. Бірақ, олар айтқандай, шайтан егжей-тегжейлі. 70% - ы бұл олардың жалпы санынан емес, тек еңбекке қабілетті адамдардан. Бірақ, әртүрлі себептерге, соның ішінде жасанды себептерге байланысты, бүгінде сотталғандардың 40%-ы жалпы санынан еңбекке жарамсыз деп танылды. Тиісінше, еңбекке қабілетті бөліктің ішінде жұмысшылардың пайызы автоматты түрде өседі, бұл жетістік ретінде ұсынылады.

Біздің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде дамытылатын екінші бағыт бұл оңалту бағдарламалары.

Өкінішке орай, біз әлі күнге дейін осы бағытта ескірген кеңестік үлгілермен жұмыс істеп келеміз. Біздің барлық қайта әлеуметтенуіміз негізінен сотталғандарды әртүрлі Құрылыс және техникалық мамандықтарға оқытумен шектеледі: сылақшы, ағаш ұстасы, дәнекерлеуші, электрик, сантехник және т. б. Себебі бұл ескі кеңестік жүйе, тұтқындардың арзан жұмысы ел экономикасында кеңінен қолданылған, сондықтан олар осындай мамандықтарға үйретілген. Әрине, бүгінде қайта әлеуметтендіруге кеңірек, қазіргі заманға сай келетін жеке мекемелер бар, бірақ бұл ерекше жағдайлар.

Біздің қамаудағыларда таңдау үлкен емес, ол құрылыс мамандығы бойынша оқығысы келе ме, жоқ па, ол бәрібір оқуға мәжбүр болады, өйткені олардың оң мінез-құлық дәрежесін алуы, ұстаудың неғұрлым жұмсақ жағдайларына ауысуы, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы және басқа да жеңілдіктері осыған байланысты. Бастапқыда жасырын мәжбүрлеу элементтеріне негізделген мұндай әдістер әрдайым радикалданған сотталғандарды экстремистік идеялардан алшақтатуға қабілетті емес. Ішкі қанағаттанбау әдеттегі деструктивті ойлармен өтеледі.

Егер әлемдік практикаға қарайтын болсақ, біріншіден, оңалту бағдарламалары оған қатысудың еріктілігіне негізделуі тиіс. Екіншіден, олар мемлекеттің қажеттіліктеріне емес, адамның қажеттіліктеріне, яғни оның мүдделеріне, қызығушылығына, білім мен дағдыларға ұмтылуына бағытталуы керек. Бұл бағдарламалар қандай да бір мамандықты оқытумен шектелмейді, олар айтарлықтай әр түрлі және негізінен тұтқынның рухани және интеллектуалдық өсуіне бағытталған.

Бұл көпшілік алдында сөйлеу дағдылары мен шешендік курстары, компьютерлік сауаттылыққа үйрету, музыкалық аспаптарда ойнау, діни сауаттылық сабақтары, би, сурет салу, спорт секциялары, йога сабақтары, Маркетинг негіздері, өз бизнесін ашу курстары және тағы басқалар болуы мүмкін.

Ең бастысы-қамаудағылардың бос уақытын барынша толтыру, оларды жаман ойлардан алшақтату және оларға өмірде жаңа мағына табуға көмектесу. Әлеуметтік оңалту бағдарламаларын іске асыру үшін түрмелердің қызметкерлері емес, азаматтық қоғамның мамандары мен ұйымдары тартылады.

РФ-нің ФЖОҚ тәжірибе және ғылыми қызметкерлерінің пайымдауы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде діни экстремизмнің таралу себептері мен жағдайларына елеулі әсер ететін төмендегі факторларды бөліп көрсетуге болады [19].

Экстремистік және террористік қылмыс үшін сотталғандардың, өзге санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталғандармен жазаны бірге, бір мекеме қабырғасында өтеу жағдайларында бір-бірімен тікелей арақатынасы арқылы басқа сотталғандарға өз теріс діни идеяларын таратуы болып табылады.

ҚР ҚАК-нің 94-бабы бойынша мекемелерде сотталған ерлер мен әйелдерді, кәмелетке толмағандар мен ересектерді, әртүрлі инфекциялық аурулармен ауыратын сотталғандарды бөлек ұстау жағдайлары белгіленіп,

ал сотталған – соттардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлері, сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдары үшін жекелеген мекемелерде жазасын өтеу тәртібі қарастырылған.

Басқа сотталғандардан оқшауланып, сондай-ақ бөлек: қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында сотталғандар; өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар; өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар; өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар ұсталады [3].

ҚР ҚАК-нің талаптарына сай діни экстремизм және террористік қылмыстарды жасаған қылмыскерлерді өзге сотталғандардан жаза өтеу мекемелерінде жеке немесе бөлек ұстау жай-күйі қарастырылмаған. Аталған санаттағы қылмыстар үшін сотталғандар, өзге қылмыстар үшін сотталған адамдармен сот үкімі белгілеген мөлшерді бас бостандығын айыру жазаларын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бірге өтейді.

ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Г. Қожабаеваның айтуынша «Экстремистік ағымдардың өкілдері – бұл қазақстандық мекемелер үшін жаңа феномен». Олар мекеме ішінде және сотталғандардың көз алдында ерекше мәртебеге ие. Сонымен қатар ислам қауымдастығына кіру әрекеті белгілі бір дәрежеде сотталушыны қорғайды. Осы мүшеліктің арқасында Кеңес одағы үкіметі кезінде қалыптасқан субмәдениеттің белгіленген тәртібіне қатысудан аулақ болады [20].

Дін мәселелерін зерттеу және психологиялық оңалту орталығының директоры Е. Смағұлов түрме ортасы экстремистік ағымдардың жақтаушылары үшін неге қолайлы жағдай туғызатынын келесі тұжырымда

түсіндіреді: «Егер алыс емес жерлерге экстремизм немесе терроризм үшін сотталған бір адам түссе, онда ол жерден 3 немесе 5, тіпті одан да көп радикалды бағыттағы ағымдардың жақтастары шығады. Өкінішке орай, осы баптар бойынша сотталғандар Қазақстанның барлық облыстарында орналасқан мекемелерінде бар. Мүмкін болашақта экстремизм мен терроризм үшін сотталған адамдар үшін жеке мекемелер құру немесе олар үшін пенитенциарлық жүйесі мекемелерінің ішінде оқшауланған үй-жайлар беру туралы мәселе қойылуы мүмкін» [21].

Көріп отырғанымыздай көптеген мамандар мен сарапшылардың пікірінше экстремистік және террористік қылмыс үшін сотталған азаматтарды, басқа сотталғандармен бірге ұстау қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни ахуалды күрделендіре түсіреді.

Жаза өтеу мекемелеріндегі деструктивті діни ағымның таралуына сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз ету алмау өз септігін тигізеді.

Тәжірибе көрсеткендей, аталған іс-әрекеттердің салдары сотталғандар арасындағы көптеген процестерге, соның ішінде оларды біріктіруге, сондай-ақ пенитенциарлық мекеме қызметкерлерімен кейбір қарым-қатынастарға үлкен әсер етеді. Нәтижесінде материалдық және басқа да мүмкіндіктердің көмегімен қалыптасқан қарым-қатынаста көптеген сотталғандардың, әсіресе жастардың мінез-құлқына әсер ете алатын, олардың арасында түрме субмәдениетінің нормалары мен ережелерін сіңіре алатын сотталғандар пайда болды. Оларға діни қылмыстық ортаның дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын тануға, бірақ мекеме әкімшілігімен бөлек, теріс қарым-қатынасқа әкелуге ықпал етеді.

ҚАЖК төрағасының орынбасары әділет полковнигі Е. Саламатовтың айтуынша қазіргі таңда сотталғандардың 62%-ы жұмыспен қамтылған. Әрине бұл тек қағаз жүзіндегі статистикалық көрсеткіш. Шын бейнедегі жағдай айтылған көрсеткіштен төмендеу [22]. [https://www.inform.kz/ru/bolee-semi-tysyach-osuzhdennyh-imeyut-iski-na-296-mlrd-tenge-mvd-rk\\_a3611271](https://www.inform.kz/ru/bolee-semi-tysyach-osuzhdennyh-imeyut-iski-na-296-mlrd-tenge-mvd-rk_a3611271).



«Сотталғандардың жұмыссыздығы төрт қабырға ішінде жаңа ізденіс табуға итермеледі. Бұл өз кезегінде радикалды сотталғандарға таптырмас мүмкіндік болып табылады» деп санайды ФЖОҚ академиясының ғылыми-зерттеу институтының аға қызметкері С. Оганесян [23].

Жазасын өтеп жатқан сотталғандардың мемлекетке деген немқұрайлық көзқарасы кей жағдайларда агрессивті сипаттамаға ие болады. Оның ішінде, көп жағдайларда сотталғандардың агрессивті көзқарасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерінде қатысты қалыптасады. Өз кезегінде мұндай сезімдер деструктивті ағымға қосылуына үлкен әсер етеді.

Деструктивті ағымдағы сотталғандар өз қатарларына басқа сотталғандарды қосу үшін азғырып-көндіру тәсілін қолдану барысында «бауырластық», «бірлік», «сенім», «бостандық», «әділеттік» және т.б. терминдерін пайдалану арқылы сотталғандардың өзін-өзі бағалау, арнайы контингент арасындағы дәрежесін арттырады. Азғырып-көндіру барысында аталған арнайы сөздер арқылы сотталғандардың жүректеріне жылу ұялатып, істеген қылмыстары үшін ақталатын не болмаса дұрыс екендігін шабыттандырып, соңғылардың дүниетаным көзқарастарын бір мезетте ауыстырады. Негізінен мұндай психологиялық әдістер бостандықта әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы нашар, жақын тума-туыстары жоқ, ерлі-зайыптылардың заңды немесе азаматтық некесі бұзылған сотталғандарға қатысты жасалады.

Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қазіргі заманғы саяси, идеологиялық, діни бағыттарындағы білімдерінің жетіспеушілігі, жалпы мәдени деңгейінің төмендігі, сонымен қатар бұрыннан қалыптасып қалған тиімсіз сұхбат жүргізу әдістері деструктивті ағымдағы сотталғандарды анықтауға мүмкіндік бермейді.

Қоғам әртүрлі және күрделі бола бастаған сайын темір тордың арғы жағында жазасын өтеп жатқан сотталғандарға білінеді. Өз кезегінде, мұндай өзгерістер мекеме қызметкерлерінің жаңа қоғамдағы өзгерістерге

дағдыланып, онда қалыптасатын мәселелерді саралап, жұмыс бағытын әрдайым дамытып отыру керек. Әсіресе дін радикализмі жағындағы өзгерістер сотталғандар қауымына үлкен әсерін тигізеді. Бұндай қоғамдағы, діндегі сан-қырлы өзгерістермен күресу үшін пенитенциарлық мекеменің қызметкерлері әрдайым біліктіліктерін арттыру қажет. Осы бағытты қолға алу мақсатында діни экстремистермен арнайы кәсіптік даярлығы бар, іріктелген қызметкерлер жұмыс атқару керек. Себебі, радикалды діндегі сотталғандармен жұмыс өте қиын, әрі күрделі мәселе болып табылады [24].

Диссертациямыздың бірінші бөлімінің екінші тарауын, қорытындылай келе, діни экстремизмнің пайда болу себептері мен таралу жолдарына қарастырдық. Пенитенциарлық мекемелердегі діни экстремизмнің пайда болуының негізгі үш фактор әсер етеді деп ойлаймыз.

1. Барлық сотталғандардың бір жерде шоғырлануы яғни деструктивті ағымдағы сотталғандарған арналған арнайы блок немесе мекеме қарастырылмаған. Өз кезегінде деструктивті діни ағымның пенитенциарлық мекеме ішінде жылдам таралуына әкеліп соғады.

2. Мекеме қызметкерлерінің деструктивті діни ағымдар және дәстүрлі діндер бойынша кәсіби біліктілігінің төмен деңгейі.

3. Деструктивті діни ағымдағы сотталағандарды дерадикалазиялау проблемасы, мәселен үкімет тарапынан деструктивті ағымдағы сотталғандардың отбасы мүшелеріне ешқандай арнайы мамандандырылған көмек көрсетілмейді. Осы айтылып өткен проблемалар деструктивті діни ағымның пенитенциарлық мекемелерде таралуының таралуының негізгі аспектілері деп санаймыз.

1.3 Шетел мемлекеттерінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизммен күрес шаралары

Диссертациямыздың 1 бөлімінің 1 тармағында экстремизм және оның ішінде тақырыбымыз діни экстремизм мағынасы пайда болу жолдары және ҚР аумағында ең өзектісі исламдық радикализмге тоқтадық. Басқаша айтсақ деструктивті ислам дініне аса мән беріп отырмыз. Одан бөлек қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен таныстық. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бергі уақытты қамтитын қылмыстық-атқару жүйесінің пайда болу және даму кезеңдерін қарастырып өттік.

Бірінші бөліміміздің екінші тармағында қылмыстық-атқару немесе пенитенциарлық мекемелердегі діни экстремизмнің оның ішінде дәлірек айтқанда исламдық радикализмнің пайда және таралу жолдары қарастырылды. Бөліміміздің үшінші тармағы екінші бөлімде айтып өткен таралу жолдарын кесетін, шетел тәжірибесімен танысқымыз келіп отыр.

Қазіргі таңда қылмыстық-атқару жүйесі алдында өте күрделі мәселе тұр. Мәселенің негізгі мақсаты діни экстремистік немесе террористік қылмыстар үшін сотталғандарды бөлек ұстау мәселесі.

Бүгінгі таңда ҚАЖК-нің ресми ақпаратына сүйенетін болсақ елімізде 80 пенитенциарлық мекеме жұмыс жасайды. Оның ішінде, 16 қауіпсіздігі аралас мекемелер (тергеу изоляторлары), 1 қауіпсіздігі толық мекеме (түрме) және 63 әр түрлі қауіпсіздіктегі мекемелер орналасқан [5].

2020 жылғы мәліметке сәйкес елімізде экстремистік бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жазасын өтеп жатқан 541 сотталғандар (2019 ж. — 656 адам, 2018 ж. — 531 адам) пенитенциарлық мекемелерінде ұсталған [25].

Діни экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталған азаматтарды бөлек мекемелерде ұстау мәдениетімізге жақын, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің ТМД аясындағы мемлекеттердің тәжірибесін қарастырып өтсек.

Мәселен, Тәжікстан Республикасында тәуелсіздік алған жылдардан бері пенитенциарлық жүйе саласында бірталай төтенше жағдайлар орын

алған. Соңғы тәртіпсіздіктер 2018 жылдың 7 қарашасында Худжанда қаласының №3/3 түрмесінде болған. Ресми мәліметтер бойынша 25 адам және 2 мекеме қызметкері қайтыс болған.

Екінші көтеріліс 2019 жылдың мамыр айында Вахдат қаласында орналасқан түрмеде болды. Оның салдарынан 32 адам қайтыс болған. Екі жағдайда да ұйым үшін жауапкершілікті Тәжікстан Республикасының және әлемнің бірқатар басқа елдерінің Жоғарғы Соты тыйым салған «Ислам мемлекеті» террористік ұйымы өз мойнына алды.

Билік өкілдерінің айтуынша «көтеріліс кезінде өлтірілген сотталғандардың көпшілігі жоғарыда көрсетілген ұйымға қатысты және кеңес үкіметінен қалған субмәдинетті қолдайтын сотталғандар» деп мәлімдеді Тәжікстан Республикасының Жазаларды орындау қызметінің баспасөз қызметі.

Тәжікстан билігі терроризм мен экстремизм үшін сотталғандарды бөлек ғимараттарда ұстауға ниет білдірді. Бұл жаңалық 2019 жылғы 20 қарашада Душанбе қаласында Әділет министрлігі мен PRI (Орталық Азиядағы Халықаралық түрме реформасы) бастамасымен өткен «Тәжікстанда қылмыстық жазаны орындау жүйесін дамыту» атты аймақтық дөңгелек үстел аясында айтылды. Бірлесіп, өткізілген жұмыс нәтижесінде мұндай сотталғандарға арналған жеке ғимараттардың жобалары туралы хабарлап, болашақта мемлекет тарапынан қаржы бөлінген бастап жаңа пенитенциарлық мекеменің құрылысын бастайтынын мәлімдеді.

Тәжікстан Әділет Министрінің орынбасары және қылмыстық жазаны орындау бас басқармасының бастығы Мансурджон Умаровтың пікірінше «Мұндай ғимараттардың іске қосылуымен сотталғандардың осы тобына бақылау күшейтіліп, жаппай тәртіпсіздік, қастандық пен кісі өлтіру жағдайларының, ал ең бастысы радикалды нанымдардың таралуы және басқа сотталғандарды бағдарламалаудан алдын алады» [26].

Көрші Қырғызстан Республикасында 2019 жылы Шу облысының Молдован ауылында №27 колонияда терроризм мен экстремизм үшін сотталғандарға арналған жеке корпус ашылған. Ғимараттың жалпы сыйымдылығы 180 адамға есептелген. Статистикалық мәліметтерге орай республикада экстремизм мен терроризм үшін 600-ден астам адам сотталған. Бірнеше жыл ішінде 4 адам ресми түрде өз идеяларынан бас тартқан. Қырғызстан Республикасының Мемлекеттік жазаларды орындау қызметінің төрағасы Таалайбек Жапаровтың айтуынша «Заң бойынша терроризм мен экстремизм үшін сотталғандар жеке камераларда ұсталуы тиіс. Алайда мұндай контингент үшін корпус мемлекет есебінен алғаш рет салынды. Терроризм мен экстремизм үшін сотталған адамдарды жеке ұстау бас бостандығынан айыру орындарына теріс бағыттағы дін таралуының алдын алуды жақсартады».

Айта кету керек, Қырғыз Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне экстремизм мен терроризм үшін сотталғандарды жеке ұстауды көздейтін түзетулер 2016 жылы енгізілген. Құжат бастамашылары қылмыстық-атқару кодексіне мұндай өзгерістің енуі нәтижесінде түрмелердегі экстремизмнің таралуына жол бермейтінін атап өтті [27].

2018 жылы Ресей Федерациясының мемлекеттік Думасының кезекті отырысының үшінші оқылымында Қылмыстық және Қылмыстық-атқару кодекстеріне экстремисттерді түрмелерде басқа сотталғандардан бөлек оқшаулап ұстау жөнінде түзетулер енгізілген. «Единая Россия» фракциясы жетекшісінің бірінші орынбасары және заңнамаға жаңа өзгерістер енгізу бойынша бастамашылық етуші Адальби Шхагошевтің пайымдауынша «Басты мақсат экстремистік идеологияның таралмауына жағдай жасау, террористік және экстремистік ұйымдар қатарының жаңа қолдаушыларымен толуына жол бермеу, сондай-ақ экстремизмге қарсы күрес бойынша қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіру».

Ресей Федерациясы Мемлекеттік думасының Құрылыс және заңнама жөніндегі бейінді комитеттің басшысы Павел Крашенинников түсіндіргендей заңда террористік бағыттағы қылмыстары үшін сотталғандарға қатысты жаза мерзімінің бір бөлігін түрмеде жеке өтеу туралы норма енгізіледі. П. Крашенинниковтың айтуынша «Оқшауланған түрме режимі сотталғандар арасында экстремистік идеологияның таралуын және олардың қатарларын көбейту мүмкіндігін азайтады» [28].

ТМД аумағында орналасқан Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттерінің экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандардың пенитенциарлық жүйесінің мекемелерінде бөлек ұсталуы туралы қолданысқа енгізілген, нәтижелі тәжірибелері қарастырылды.

Ендігі кезекте алыс шетел мемлекеттерінің экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталған азаматтардың бөлек ұсталу тәжірибесін қарастырып жалғастырамыз.

Франция мемлекетінде экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Оған дәлел ретінде экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталған азаматтарды бөлек ұстауға арналған арнайы түрмелердің болуын келтіруге болады. Арнайы түрме бес бөлімнен тұрады: бөлімнің екеуі радикалды көзқарастағы сотталғандарды немесе зардап шеккен сотталғандарды бағалауға бағытталған, қалған үш бөлімі діни соғысушы экстремистер қатарындағы сотталғандармен жұмыс істеуге арналған.

Діни соғысушы экстремистер қатарындағы сотталғандар үшін арнайы түрме бөлімшелеріне тек ересек ер жынысты сотталғандарды жіберу көзделген. Сотталғандарды іріктеу процесі түрмелер директорларының, сондай-ақ әлеуметтік реинтеграция және пробация қызметі директорларының қатысуымен кездесу кезінде іске асырылады. Дәл осындай жүйе Италия мемлекетінде жүргізіліп келеді [29, 48 б.].

Алжир мемлекетінің экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандар мекемедегі жалпы контингенттен бөлек ұсталады. Арнайы мекемеде экстремистік мен террористік қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғам үшін қауіптілік деңгейіне, сотталғанның мінез-құлықы және т.б сипаттамаларына қатысты бөліп ұстау тәжірибесі деструктивті ағымдағы сотталғандармен жұмысты жеңілдетіп, соңғы жылдары өзінің оң нәтижелерін көрсетіп келуде. Экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандарды арнайы мекемеде үш топқа бөліп оқшаулаған.

Бірінші топ: Соғысушы экстремистер, яғни қолына қару алуға дайын, мемлекетке және түрме қызметкерлеріне қарсы және жау ретінде қарайтын, басқа сотталғандардан өз деңгейлерін жоғары бағалайтын және оларға қысым көрсететін сотталғандар.

Екінші топ: Идеологиялық экстремистер зорлық-зомбылыққа бейім емес, бірақ деструктивті ағымды ұстанып, оны пенитенциарлық мекеме ішінде таратуға дайын сотталғандар.

Үшінші топ: Экстремистік немесе террористік актілер туралы уәкілетті органдарға жалған ақпарат беріп, осы іс-әрекеттері үшін сот үкімі шығарылған басқа да сотталғандар. Көп жағдайларда мемлекетке өкініші бар немесе жеке өмірі қалыптаспай жүрген сотталғандар тобы деп те сипаттама беруге болады. Соңғы санаттағы топтың мекеме әкімшілігіне және басқа да сотталғандарға қатысты қауіптілік дәрежесі төмен болып саналады. Себебі, кей кезде бұл топтағы сотталғандар мекеме әкімшілігімен бірлесіп жұмыс атқарады.

Алжир мемлекетінің Пенитенциарлық және реинтеграция қызметі мамандарының пікірінше «Экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандарды басқа қылмыс үшін сотталғандардан бөлек оқшаулау пенитенциарлық мекеме ішіндегі діни экстремизмнің алдын алады, сондай-ақ деструктивті ағымдағы сотталғандарды қоғамға қайтару бойынша оң нәтижесін береді».

Экстремистік және террористік қылмыскерлерді бөлек пенитенциарлық мекемелерде ұстау оңай емес. Сол себепті Алжир елінің Пенитенциарлық мекемелер және реинтеграция қызметінің қызметкерлері оларды арнайы мекеме ішінде топқа бөліп ұстайды [30].

Алжир мемлекетінің Қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы нақты экстремистік сипаттағы қылмыстар үшін сотталған азаматтарға қатысты ұстанып отырған саясаты мен жүргізіліп отырған тәжірибесін өте нәтижелі деп саналады. Оның ішінде БҰҰ-ның мамандарының пікірлері де бар.

Европаның орталығы болып саналатын Ұлыбритания Біріккен Патшалығы тәжірибесіне тоқталып өтсек. Ұлыбритания аумағында қатаң режимдегі сегіз түрме орналасқан. Аталған арнайы мекемелерге «А» санатындағы қылмыскерлер жіберіледі. «А» санатындағы қылмыскерлерге - Ұлыбритания мемлекетінде қоғамға қауіптілігі жоғары қылмыскерлер жатады. 2020 жылғы жағдай бойынша Ұлыбританияда экстремистік қылмыстар үшін сотталған 120-ға жуық қылмыскер «А» санатына белгіленіп, қатаң режимдегі сегіз түрмеге жолдама алған. Атап айтқанда, 120 сотталғанның ішінде Ұлыбритания елінде тыйым салынған «Аль-Каида» атты террористік ұйымның мүшелігінде болған 90 сотталған жазаны орындау орындарында берілген ұйымның бұйрықтарын орындап, теріс діни ағымды сотталғандардың басым бөлігіне насихаттап, таратқан. Бірақ тәжірибе көрсеткендей деструктивті ағымдағы сотталғандарды басқа қылмыс үшін сотталған азаматтармен бірге ұстау салдары мекеме ішіндегі деструктивті діни ағымның таралуына алып келеді.

2016 жылы Ұлыбритания Патшалығының бұйрығымен Әділет министрлігі деструктивті ағымдағы сотталғандарға қатысты реформа жүргізді. Реформаның негізгі мақсаты пенитенциарлық мекеме ішіндегі деструктивті діни ағымның таралуын тоқтату және болдырмауға бағытталған. 2016 жылдың тамыз айында Әділет министрлігі Ұлыбритания елінің үкіметіне экстремистік және террористік қылмыстар үшін



сотталғандарды бөлек ұстау туралы ұсыныс енгізіліп, қорытындысында үкіметпен мақұлданған. Қазіргі таңда Ұлыбритания мемлекетінде экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандар жалпы контингенттен бөлек ұсталады [31].

Алыс және жақын шетел мемлекеттерінің экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандардың бөлек мекемеде шоғырландырылуы туралы тәжірибесін қарастырдық.

Ендігі кезекте жоғарыда айтып өткеніміздей, діни экстремистік қылмыстар үшін сотталған азаматтардың мемлекетке, құқық қорғау органдарына деген агрессивті көзқарастың қалыптасуы, дәстүрлі дінде жүрген немесе діннен мүлдем ақпараты болмаған сотталғандарды өз қатарына қосу процесі және дамыған елдермен қолданудағы тиімді күресу жолдары мәселесіне тоқталып өтсек.

Ресей Федерациясында экстремизм көріністерінің алдын алуға қолданылатын негізгі психопрофилактикалық көзқарастың бірі – әлеуметтік факторлардың әсеріне негізделген тәсіл. Бұл тәсіл отбасының әсері экстремистік идеяларға ықпал ететін немесе кедергі келтіретін маңызды рөл атқаратынын түсінуге негізделген. Мұндай бағдарламалар арасында ең танымал-әлеуметтік қысымға төзімділік тренингтері.

Отбасы мүшелері жақын адамдарда радикалданудың белгілерін байқай алады. Бірақ олар көбінесе қандай қадамдар қабылдау керек екенін білмейді. Сонымен қатар, отбасы адамның мінез-құлқына әсер етуі мүмкін және психологиялық тұрғыдан таптырмас қолдау.

Отбасының қолдауы радикалдану мен дерадикализацияның әртүрлі кезеңдерінде жүзеге асырылуы мүмкін. Жақын отбасы мүшелері сотталғанмен сөйлесіп, онымен бірге тәжірибесін анықтап, балама модельдерді ұсынып, адам үшін қауіпсіз «ішкі шеңбер» атмосферасын кеңістік құрады.

Экстремист заңды бұзып, түрмеге жабылған кезде, отбасы оның қоғамға қайта қосылуына көмектесе алады. Экстремизм үшін сотталғандардың отбасыларына барлық консультациялардың түрлерін қолдану арқылы оны дерадикализациялануға апаратын бірден бір жол.

Отбасылармен жұмыс істеудің негізгі бағыттары:

- Отбасыларды экстремизмнің қауіп-қатерлері, азғырып тарту әдістері туралы ақпараттандыру және көмек түрлері;
- Отбасы мүшелерін оларға мүмкіндік беретін контрнарративті туысқандар арқылы сендіру;
- Отбасыларда зорлық-зомбылыққа теріс көзқарасты қалыптастыру;
- Бұрынғы экстремистер тұратын отбасылардағы жағдайды бақылау, қайталануды болдырмау және реинтеграцияға жәрдемдесу.

Әр түрлі отбасыларға әртүрлі көмек қажет: құқықтық, діни және т.б. сондықтан әр жағдай ерекше. Отбасыларға қолдау үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер арқылы көрсетілуі мүмкін, сондай-ақ полиция, әлеуметтік және психологиялық қызмет мамандары, балаларды қорғау жөніндегі комитеттер және т. б.

Башқұртстан Республикасында туыстарына психологиялық көмек радикалды идеологияның ықпалына түскен адамдардың отбасына, балаларына Республикалық мемлекеттік орталық автономиялық мекемесі әлеуметтік-психологиялық, республикалық клиникалық психотерапиялық орталығының білікті мамандары психотерапиялық көмек көрсетеді. Сол секілді Мемлекеттік бюджеттік мекемесі республикалық ресурстық «Отбасы» орталығының сенім телефондары іске қосылған [32].

Данияда дерадикализациялы атаулы бағдарламаларды іске асыру шеңберінде «Дерадикализация-атаулы қызмет» (2009-2011) және «Дұрыс жолға шығу» (2014) қолданыста болған. Тәлімгерлер институтын қолдану арқылы экстремистті радикалды ортадан кетуге және балама, әлеуметтік

тұрғыдан қолайлы әрекетке қатысуға итермелеген. Сонымен бірге, оңалту процесіне экстремистің отбасы және жақын әлеуметтік орта қатыстырған.

Оңалтудың келесі тәсілі Сингапурда, Индонезияда жүзеге асырылды. Сингапурлық тәжірибені сарапшылар тиімді және табысты деп таныды. Ол бірнеше өзара байланысты компоненттерді қамтиды: отбасын тарта отырып, психологиялық оңалту, теологиялық диалог нысанындағы діни оңалту, кәсіптік дағдыларды дамыту курстарын ұсыну арқылы білім алу және одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтитын әлеуметтік оңалту жолымен экстремист отбасын әлеуметтік сүйемелдеу [33].

Сингапур мемлекеті тек тұрғылықты экономикасымен ғана емес, сонымен бірге деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды қоғамға қайтару, мемлекетке деген оң көзқарасын қалыптастыру жұмыстары негізінде халықаралық аренада көшбасшылық позициясына ие. БҰҰ-нің Есірткіге қарсы басқармасымен 2016 жылы өткізілген кеңейтілген халықаралық кеңесінде халықаралық мамандар мен басқа да сарапшылар жоғары баға берген. Сингапур мемлекетінің деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды қоғамға қайтарып, әлеуметтендіріп, сондай-ақ мемлекетке деген көзқарасын өзгерту бойынша тәжірибесін қарастыратын боламыз.

Радикалды діни ағымдағы сотталғандардың қоғамдық-әлеуметтік байланысын және мемлекетке деген теріс көзқарасын өзгерту мақсатында Сингапур елінің тәжірибесі бойынша сотталғандарды қайта дәстүрлі дінге оралуына үлкен септігін тигізеді.

Сингапурда постпенитенциарлық қамқоршылықтағы мекемеаралық топ қызметін іске асырады. Топтың негізгі мақсаты экстремистік қылмыстар үшін сотталған азаматтардың отбасыларына қаржылай, психологиялық көмек көрсету болып табылады. Көп жағдайларда діни экстремистік қылмыстар үшін сотталған азаматтар отбасыларының жалғыз асыраушысы болып табылады. Деструктивті діни ағымдағы азаматтар темір тордың арғы жағына түскеннен кейін олардың отбасылары біршама қаржылай қиындықтарға

түсіп, оның үстіне психологиялық ауыртпашылықтарға тап болады. Деструктивті діни ағымдағы азаматтың мемлекетке деген агрессивті көзқарасы біртіндеп өзгере бастайды. Бұл прогрес баяу болса да, ең маңыздысы сотталғанның бойындағы дерадикализация процесі басталды. Бұл жердегі басты жетістік діни имамдар немесе теологтар арқылы ғана емес, сонымен қатар өзінің санасы, отбасы мүшелерінің қатысуы арқылы сотталғандарды дәстүрлі дінге қайта бұрмалайды. Басталған процеске тағы білікті имамдар мен теологтар қосылса, онда деструктивті діни ағымдағы сотталғанды қоғамға қайтару едәуір жылдам уақытта жүзеге асады. Сотталған үйіндегі бала-шағасына, әйеліне, әке-шешесіне деструктивті діни ағымдағы бауырлары емес, мемлекет көмек көрсетіп жатқанын түсінеді [34].

Сонымен бірге, Сауд Арабиясының бағдарламасы сотталғандардың отбасыларына медициналық көмек пен балаларға білім беруді қамтамасыз етеді. Егер тұтқындардың отбасылары болмаса, Сауд Арабиясы мемлекеті жас экстремист сотталғандарға әйел табуға көмектесіп, үйлену тойын, тіпті пәтер мен көлікті төлейді.

Сауд Арабиясындағы экстриместері әдетте, кедей және әлеуметтік қорғалмаған топтардан шыққан адамдар. Сол себепті мемлекет осы әдісті қолданып, олардың көңіл-күйін ескеріп, оларды қоғамдағы өмірге бейімдейді. Бұл тәсіл сотталғанға радикалды топтардан қолдау тауып, олардан көмек алмауға себеп болады. Бағдарламадан шыққаннан кейін оның қатысушылары бақыылауға жатады. Кейде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы де мүмкін.

Индонезия еліндегі ұқсас бағдарлама сотталған террористердің отбасыларына қаржылық көмек көрсетеді. Тұрғын үйді төлеуге және балалардың білім алуына байланысты шығындарды жабу.

Германия Республикасында 2001 жылы «Зорлық-зомбылықтың алдын алу желісі» атты қоғамдық ұйым жұмыс жасайды. Қоғамдық ұйымның басты

мақсаты жастар арасында зорлық-зомбылықтың және діни экстремизмнің алдын алумен айналысады.

Аталып өткен қоғамдық ұйым мүшелері тек қоғамдағы ғана емес, темір тордың арғы жағындағы деструктивті діни ағымды ұстанатын жастармен жұмыс жасайды. Деструктивті діни ағымдағы сотталғандармен қоғамдық ұйым қызметкерлерінің тіл табысуы жеңіл түрде жүзеге асады. Оған себеп мемлекетке агрессивті көзқарас қалыптасқан сотталғандар мекеме әкімшілігінің психологтары және т.б. қызметкерлердің түсіндірме жұмыстарын, сұхбаттарын көп жағдайларда қабылдамайды. Қоғамдық ұйым қызметкерлері деструктивті ағымдағы сотталғандармен жалпы тіл табысқаннан кейін оларды қоғамға қайтаруымен айналысады.

Сотталғандардың қалауымен қоғамдық ұйым мүшелері діни қызметкерлерді шақырады. Одан бөлек, олар темір тордың арғы жағында қалған жанұясында болып жатқан қандай да бір мәселенің шешілуіне қол үшін беруге тырысады. Пенитенциарлық мекемеде жүргізілген жұмыстар белгілі бір сотталғандармен, сотталған босап шыққаннан кейін де жалғасады. Жұмысқа орналастыру, бастапқы кезеңде қаржылай, психологиялық және т.б. әлеуметтік сипаттағы көмектер көрсетіледі. Бұл тәжірибе 2001 жылдан бері Германия мемлекетінде жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Қазіргі таңда қоғамдық ұйым мемлекет тарапынан да қолдау тауып отыр [35].

Бірінші бөлімнің екінші тарауында көрсеткеніміздей пенитенциарлық мекемелеріндегі діни экстремизмнің таралуының негізгі себебі ретінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері қызметкерлерінің кәсіби дайындығының және діни білім деңгейінің жетіспеушілігі. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері – пенитенциарлық жүйесінің маңызды элементі болып табылады.

Жаза атқару мекемелеріндегі діни экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелерін шешу үшін біздің ойымызша персоналдың осындай сотталғандар контингентімен жұмыс істеуге дайындығын жаңа деңгейге

көтеріп, оның ішінде теологтармен, психологтармен және уәкілетті органдармен өзара іс-қимылға баса назар аудару керек.

Бүгінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталғандармен арнайы теологтар, имамдар жұмыс жасайды. Кей жағдайларда теологтар мен имамдардың кәсіби білімінің жетіспеушілігіне куә болып жатамыз. Мекеме қызметкерлерінің діни біліктерінің төмендігі себебінен деструктивті діни ағымда жүрген сотталғандар назардан тыс қалады. Бұл өз кезегінде діни экстремизмнің мекеме ішінде таралуына әкеліп соқтырады.

Мәселен, 2016 жылы Нигерия Республикасында пенитенциарлық мекемелерге жаңадан дайындалып жатқан болашақ қызметкерлерге «Діни соғысушы экстремистер» атты екі апталық курс өткізілді. Курс барлық лауазымдық қызметке тағайындалып жатқан үміткерлерге – қызметке тұрғанға дейін, сондай-ақ тұрақты деструктивті діни ағымдағы сотталғандармен жұмыс істейтін қатардағы қызметкерлерге жүйелі түрде жылына бір рет аталмыш курс өткізіледі.

Сонымен қатар осы арнайы курс келесідей негізгі тақырыптарды қамтиды:

Деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды анықтау;

Діни радикалды сотталғандарды өз іштерінде топтарға бөлу (соғысушы діни радикал немесе идеологиялық);

Діни радикалды сотталғандармен байланыс орнату барысында өзін-өзі ұстау;

Діни радикалды сотталғандар туралы жедел ақпараттар жинау;

Діни радикалды сотталғандарды ұстау режимін қадағалау.

Нигерия Республикасында қолданысқа енгізілген осындай тәжірибе жақсы нәтижелер көрсетті [36].

2010 жылы Италия мемлекетінің Әділет министрлігіне қарасты пенитенциарлық мекемелер департаментінің Қызметкерлерді даярлау басқарамасы деструктивті діни ағымдағы сотталғандармен жұмыс істейтін

мекеме қызметкерлерін даярлау туралы мәселенің қажеттілігін мойындап, сол жылы Қызметкерлерді даярлау басқармасымен арнайы дайындық курс енгізілген.

Курстың ұзақтық мерзімі 3 күннен тұрады. Бұндай мерзім Италия аумағында орналасқан барлық пенитенциарлық мекемелер қызметкерлеріне жыл сайын біліктілікті арттыру курстарын өтуге мүмкіншілік береді. Курс негізгі екі мақсаттан тұрады. Бірінші мақсат – пенитенциарлық мекеме қызметкерлерінің деструктивті діни ағымдағы сотталғандардың діни нанымына тікелей пікір білдірмей, яғни бұл жерде мекеме қызметкерлеріне деген агрессивті көзқарасты жою. Екінші мақсат – Ислам дінінің өзекті мәселелерін қарастыру болып табылады. 3 күндік дайындық курсы келесі тақырыптарды қамтиды:

- исламның мәдени және діни аспектілері;
- исламдағы діни жораларды орындау;
- халықаралық терроризм, оның идеологиялық базасы және таралуы;
- прозелитизация және радикалдану;
- түрмелерде халықаралық экстремистермен қарым-қатынас жасау және олардың жұмыс әдістері.

Италия мемлекеті бұл тәжірибені қолданысқа енгізгеніне аз уақыт болса да, жыл сайын барлық мекеме қызметкерлерінің курстан толықтай өтуін қамтамасыз етеді. Өз кезегінде мұндай процес қызметкерлердің өзара біліктіліктерімен бөлісіп, жүйе бойынша қызметкерлердің кәсіби деңгейінің артуына септігін тигізеді [37].

Бельгия елінің тәжірибесіне тоқталатын болсақ, қазіргі уақытта полиция және сот үкімін орындайтын қызметкерлерін даярлау бойынша CoPPRa жобасы іске қосылған. Бастапқы сатыда CoPPRa жобасы тек пенитенциарлық мекеме мен сот актілерін орындау саласындағы қызметкерлерге арналған болатын. Жоба жақсы нәтиже көрсете бастағаннан

кейін бүгінгі таңда CoPPRa барлық полиция қызметкерлерінің діни сауаттылығын арттыру бағытында даярлаумен айналысады.

Жалпы CoPPRa бағдарламасының негізгі мақсаты деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды, жалған дабылдарды анықтау, сондай-ақ қызметкердің бойындағы шамадан тыс қорқыныш деңгейін төмендету болды.

Басты рөлі сот үкімін орындайтын қызметтерге арналған жобаның мақсаты пенитенциарлық мекеме қызметкерлері деструктивті діни ағым көріністерін болдырмау және жою жұмыстары үлкен басымдылыққа ие болды. Бұған қарамастан мекеме қызметкерлері деструктивті діни ағымдағы сотталғанды басқа сотталғандардан ажырата алмады. Мәселені түкпілікті шешу үшін деструктивті діндегі сотталғандарды анықтау бойынша қысқаша CoPPRa оқу құралы, CD-дискілер, презентациялар дайындалған. Ұсынылған мәлімет қысқа және өте мазмұнды тұрғыда берілген. Қызметкерлер қалтасында ұстап жүріп, төтенше жағдай кезінде алып қолдануға ыңғайлы болған [38].

Пенитенциарлық мекемелердегі қызметкерлердің біліктілігі ғана емес, сонымен қатар олардың қауіпсіздігі орасан зор рөл атқарады. Мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігі олардың тиімді жұмыс істеуіне әкелетін негізгі фактор. Деструктивті ағымдардың көбейуіне байланысты бостандықта олардың жақтаушыларыда көбейе түседі. Бұл мекеме қызметкерлерінің нақты деструктивті ағымда жұмыс жасайтын қызметкерлерге тікелей қауіп төндіру жолымен қорқыту мүмкін. Мұндай фактілер мекеме қызметкерінің өміріне ғана емес, және психологиялық қысым әкелуі мүмкін факторлар.

Түркия елінде деструктивті діни ағымдағы сотталғандармен жұмыс істейтін мекеме қызметкерлері тұрғын үй және қызметтік көлікпен қамтамасыз етіледі. Берілген санаттағы қызметкерлердің арнайы контингентпен жұмыс жасау күрделілігіне орай әрдайым стресстік жағдайда болуын ескеріп, Түркия елінің үкіметі қызметкерлердің материалдық және моральдық жағдайларының жайлы деңгейін қамтамасыз етеді [39].



Психолог мамандары сотталғандардың деструктивті діни ағымынан бас тартып, дәстүрлі дінге оралу процессінде маңызды рөл атқарады. Өйткені, олар теріс діни ағымға түсуіне итермелеген факторларды анықтауға қатысып, әр радикалды діндегі сотталғанға жеке жоспар құрып, орындалу нәтижесінде дін және мекеме қызметкерлерінің жұмысын оңтайландырады. Яғни, сотталғанмен жұмыс барысында оның жай-күйін жіте қадағалау қажет [40].

Малайзия елінің тәжірибесін алып қарастыратын болсақ, Малайзия корольдік полициясы, Камунтинг пенитенциарлық мекемесі және Ислам даму департаментімен бірлесе отырып (JAKIM) дерадикализация бағдарламасын әзірлеген. Камунтинг қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың басым бөлігі діни соғысушы экстремистермен тығыз қарым-қатынаста және кейбір терактілерге бірге қатысқан.

Аталған сотталғандар Камунтинг мекемесінің ішінде жалпы контингенттен бөлек арнайы блоктарда ұсталады. Бұл оқшаулап ұстау тәсілдің мақсаты мекеме ішінде радикализацияның алдын алу және діни экстремистік қылмыстар үшін сотталғандармен жекеше түрде арнайы мамандардың жұмыс жасауға мүмкіндігін орнату.

Дерадикализация бағдарламасы діни мәселелер бойынша кеңес беруден бастап кәсіби дайындық пен психологиялық қызметке дейінгі көптеген компоненттерді қамтиды. Оны жүзеге асыруға психологтар, сондай-ақ «JAKIM» дін саласындағы сарапшылары, полиция қызметкерлері және сотталғандардың отбасы мүшелері қатысады.

Бағдарлама алдында мынадай міндеттер тұр:

1) бостандықта сотталғанды қылмыс жасауға итермелеген радикалды идеологиямен күрес және дәстүрлі дінінің теріс нұсқамаларының қаншалықты қайшы келетінін көрсету;

2) сотталғанға тиісті азаматтық құндылықтарды қалыптастыру;

3) сотталғандарға өзін-өзі бағалауын арттыру мақсатында психологиялық қолдау көрсету;

4) кәсіптік оқытуды ұйымдастыру, сотталғандарды босатылғаннан кейін қоғамға дайындау.

Оқу бағдарламаларының көпшілігін пенитенциарлық мекеме қызметкерлері жүзеге асырады. Сонымен қатар сыртқы құқық қорғау органдары қызметкерлері де маңызды рөл атқарады. ЖАКІМ арнайы имамдары сотталғандарға діни оқыту ұйымдастырумен айналысады. Арнайы имамдардың дәрістерін, Малайзия елінің дін және қоғам саласындағы танымал университеттерінің профессорлары толықтырған. Деструктивті ағымдағы сотталғандар арнайы шақырылған имамдарға және профессорларға ерекше құрметпен қарайды. Өйткені олар үкіметтен тәуелсіз, сондай-ақ сотталғандар мамандардың шын мәнінде жанашырлық және қамқорлық танытанына сенеді [41].

БҰҰ-ның қылмыс және сот төрелігі жөніндегі өңіраралық ғылыми-зерттеу институты мамандарының зерттеулеріне сүйінсек қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің діни экстремизммен күрес саласында маңызды рөлді дін қызметкерлері атқарады.

Сотталғандармен жұмыс істейтін дін қызметкерлері пенитенциарлық мекеме қызметкерлері секілді арнайы дайындық курстарынан өтуі керек. Себебі дін қызметкерлері көбінесе бостандықтағы азаматтармен жұмыс істеу дағдыларына үйренген. Пенитенциарлық мекемелерде жазасын өтеп жатқан теріс ағымдағы сотталғандар арнайы контингентке жатады және олармен жұмыс белгілі бір психологиялық талаптарды қажет етеді. Жұмыс істеу барысындағы бірінші мәселе олармен тіл табысу. Дін қызметкерлеріне бостандықтағы деструктивті діни ағымдағы азаматтармен тіл табысу оңайға түссе, темір тор қабырғасында отырған сотталғанға қатысты бұл үдеріс біршама қиындайды.

Дін қызметкерлері мекеме аумағына кірместен бұрын арнайы құқық қорғау немесе арнайы органдардың тексерістен өткеннен кейін ғана жіберілуі тиіс. Көрсетілген талаптар мекеме аумағында жазасын өтеп жатқан сотталғандардың дәстүрлі дінге қайтуына үлкен септігін тигізеді [42].

Мысалы, Ұлыбритания Патшалық Институты жазасын өтеу мекемелерінде экстремистік әрекеттердің алдын алу шаралары ретінде «Contest» стратегиялық жобасы аясында пенитенциарлық жүйеде жұмыс жасайтын арнайы имамдарды оқытумен айналысады [43].

Диссертациямыздың бірінші бөлімін қорытындылай келе, біз жалпы экстремизм ұғымына анықтама беріп, оның қалай пайда болатынына және оның түрлеріне, оның ішінде діни экстремизм тұжырымдамасына тоқталып өттік.

Бірінші бөлімнің екінші тармағында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизмнің пайда болуы мен таралу жолдарын сараладық. Деструктивті ағымның пенитенциарлық мекеме ішінде тараудың басты мәселелері деструктивті ағымдағы сотталғандармен жалпы контингенттің бір жерде шоғырлануы. Одан басқа мекемедегі жеке құрам, оның ішінде психолог және діни қызметкерлерінің кәсіби дайындығының төмендігі, теріс ағымдағы деструктивті сотталғандармен жұмыс жасау біліктіліктерінің аздығы пенитенциарлық мекеме аумағында радикалды діни ағымдардың таралуына маңызды себеп болып табылады.

Келесі мәселе сотталғандардың қоғамға қайта оралуы. Егер пенитенциарлық мекемеде жазасын өтеп жатқан радикалды сотталғанды дәстүрлі дінге қайтармасақ, ертең жаза мерзімі біткен соң бостандыққа шыққан сәтінде ұлтымызға үлкен қауіп төндіретіні сөзсіз.

## 2. ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕР ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

2.1 Экстремистік сипаттағы қылмыстар үшін сотталғандарға қылмыстық-атқару орындарындағы қадағалау, ұйымдастырушылық, жедел-ізвестіру және алдын алу шаралары

Діни экстремизмнің криминологиялық аспектіні қарайтын болсақ, РФ ПМ-нің жанындағы Мәскеу университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Л.И. Хромовтың пікірінше бұл экстремистік көзқараста болу ғана емес, заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіру болып табылады.

Мәселен, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде діни экстремизмді ұстанатын сотталғандар көбінесе мекеме әкімшілігіне бағынбау, өздерімен бірге жазасын өтеп жатқан арайы контингент сотталғандардың (діни шарларды орындамайтын немесе дәстүрлі діни ағымды ұстанатын)

денсаулығына зиян келтіру, кепілге алу және жаппай тәртіпсіздік ұйымдастыру сияқты іс-әрекеттерді жасау [44, 617 б.].

Пенитенциарлық мекемелердегі сотталғандарды бақылау және қадағалау мәселесін зерттеу барысында оларды бөлек оқшаулап, ұстау жағдайының өзінде, діни экстремистік қылмыстар үшін сотталғандар жеке-жеке топтарға бөлінетіні анықталды.

Елімізде қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды жалпы контингенттен бөлек ұстау тәжірибесі қолданыста болмағанның өзінде де, радикалды жаза өтеуші тұлғаларды арнайы топтарға бөліп, олардың мінез-құлқын бақылау практикасы қарастырылмаған.

Діни деструктивті ағымның (оның ішінде, ұйым, топ және т.б.) жетекшілері мен көшбасшының жеке басын зерттеу ғылыми-танымдық міндеттер, сондай-ақ қоғамдық-саяси практиканың қажеттіліктерімен өзекті. Әлем әдебиетіндегі және күнделікті санадағы «Ислам көшбасшысы» ұғымы радикалды исламистік қозғалыстардың басшылары деген мағынада қалыптасқан.

Деструктивті ағымның көшбасшысы – діни экстремистік іс-әрекеттің идеологы, ұйымдастырушысы, үйлестіруші болып табылатын, өзі басқаратын ұйымда (топта) нақты мінез-құлық ережелерін, ұжымдық қызметінің мақсаттары мен міндеттерін, ерік-жігерін білдіріп, сондай-ақ қатысушы мүшелері тәртіпті бұзғаны үшін қатаң жауапкершілікті белгілейтін адам болып саналады.

Дүниежүзілік және қазіргі заманғы тарихнамасына сай әйгілі діни көшбасшы ретінде Усама бен Ладен, Джохар Дудаев, Шамиль Басаев, Хаттаб және т.б. тұлғаларын келтіруге болады. Зерттеу үшін басқа түрлерге тән емес, олардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын, портретін келтіретін боламыз.

Біріншіден, олардың жас ерекшелігі (57– 69 жас). Бұл олардың жеке тұлға ретінде толық қалыптасқандығын көрсетеді. Демек, өмірдің көптеген салаларында үлкен өмірлік тәжірибесі бар адамдар.

Екіншіден, олардың зияткерлік, интеллектуалдық деңгейі, яғни жоғары немесе аяқталмаған жоғары білімінің болуы. Мысалы, Джохар Дудаев жоғары оқу орнын үздік бітірген.

Үшіншіден, олардың барлығы еңбекқор, шығармашылық потенциалы жоғары, ақылды және діни тұлға ретінде сипатталады.

Көшбасшы көбінесе экстремистік идеолог ретінде іс-әрекет етеді. Атап айтқанда, ол өзінің идеологиясын басқаларға таратып, енгізуге ұмтылып, қарсыластарға төзбеушілік, агрессияны, зорлық-зомбылықты негіздейді. Көшбасшы өзінің идеологиясын жеткізудегі негізгі тәсілі – ол адамдардың психикасы мен санасына әсер етудің эмоционалдық құралдарын тиімді пайдалану.

Жазаны атқару орындарындағы деструктивті ағымдағы арнайы контингент арасында сотталғандар үш топқа бөлінеді. Олар: орындаушы, кек алушы және альтруист. Сол топтарға жекелей тоқталып өтетін боламыз.

Орындаушы діни экстремист - экстремистердің негізгі бөлігін қамтитын деструктивті діни ағымды ұстанушылар. Қоғамдық деструктивті діни ағымдарының радикалды іс-әрекетіне тікелей қатысатын, өткізілетін діни экстремистік акциялардың белсенді қатысушылары болып табылатын адамдар тобы. Орындаушы діни экстремистердің пікірі бойынша қоғаммен белгіленген жағымды мінез-құлық түсінігін мойындамай, әрдайым өз ойларын, сонымен бірге теріс діни ағымнан (сәйкесті әдебиет, видео-аудио жазба және т.б. түріндегі ақпараттар мен мәліметтер), көшбасшыдан қабылдаған идеологияны дұрыс деп санайды.

Әрқайсысы тәуелсіз және ойларындағы мотивтері әрдайым, айтылып өткен іс-шараларға қатысуға итермелейді. Жеке мотивтеріне тоқталсақ: теріс идеологияны ұстану, бауырластық және бірге жүрген діни ағымдағыларға

жәрдемдесу болып табылады. Жеке мотив ретінде өзін-өзі жүзеге асыруды, оның ішінде «батыр» болуға деген ұмтылысты атап өткен жөн.

Кек алушы діни экстремист (avenger) – деструктивті діни ағымда жүрген адам. Деструктивті көзқарасы бойынша дәстүрлі діни жолындағы немесе діни іс-шараларды мүлдем орындамайтын тұлғаларды өздерінің бұл дүниедегі жаулар деп санайды. Көп жағдайда кек алушы діни экстремист тобына, жақындарының абайсыз жағдайда немесе қызметкерлердің қолынан қаза табуы барысында кек алу мақсатпен кек алушы көзқарасы қалыптасады.

Сонымен қатар жақын адамдары үшін кек алып, олардың идея және идеологияларын жалғастыруды өзінің басты міндеті деп санайды.

Кек алушы діни экстремисттердің мотивациясы ұрпақтан ұрпаққа берілетін тиісті қан байланыстары мен отбасылық дәстүрлермен түсіндіріледі. Өз құрбандықтарын, әлемді құтқару құралы ретінде қарастыратын деструктивті діни ағымның жанкүйерлері «кек алушы діни экстремист» санатына жатқызылады. Деструктивті діни ағымдағы экстремистер тобының, «кек алушы экстремист» тобына жататын тұлғалардың келесідей өздеріне тән белгілері бар: жетілмегендік кешенінің болуы (жетілмегендік кешені - бұл адамның өзін түкке тұрғысыз сезінуі, өзінің қабілетіне күмән келтіруі, ал артықшылығы бар адамды өзіне сенімді адам ретінде қабылдау), психологиялық жетілмегендігі – әлеуметтік иеліктен шығу (қоғамға, әлеуметтік қалыпты іс-әрекеттерді теріс бағалау), өзінің іс-қимыл әрекеттеріне әрдайым дұрыс, оң баға беру. Жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарын діни жолда жасап, дұрыстығын түсіну. Басқа діни нанымдар мен көзқарастарға төзбеушілік (дәстүрлі дінге, басқа конфессиядағы діни өкілдерге және басқа дінге теріс көзқарас).

Мәселен, Руслан Кулекбаев 18 шілде 2016 жылы Алматы қаласында террористік акт жасаған. Террористік акт кезінде 8 құқық қорғау қызметкері және 2 бейбіт тұрғын қаза болды. Террористік акт жасалғанға дейін жазаны орындау мекемелерінде сот үкімі бойынша жазасын өтеген, оның ішінде

соңғы соттылығы 2012 жылы қаруды заңсыз сақтағаны үшін 3,5 жылға бас бостандығынан айырылған. Қылмыстық жазаны өтеу орындарында деструктивті ағымдағы сотталғандармен тығыз байланыста болған [45].

Руслан Кулекбаев Қызылорда облысының тумасы, материалдық табысы төмен отбасында дүниеге келген, табыс табу және күн көру мақсатында айлакерлікті, парасаттылықты және адамдарды алдауды сияқты қасиеттерді жақсы меңгерген.

Діни экстремист-альтруист типтегі адамдар – қоғамдық немесе мемлекеттік қызметтің кез-келген саласында әділетсіздік туралы субъективті хабардар болу нәтижесінде туындаған мотивтермен басқарылады. Теріс діни ағымдағы жасаған қылмыстарды әлемді құтқару бойынша өз еркімен қабылданған өмір жолындағы қасиетті ісі (миссиясы) деп түсінеді және оны орындау барысында бойында агрессивті ұмтылыстары күшейе түседі [45].

Пенитенциарлық жүйе саласындағы ғалымдардың ойлары мен пікірлерін зерделей келе, діни экстремизм оның ішінде исламдық экстремизм ұстанатын топтардың бірнеше топқа бөліп қарастырады.

Диссертациямыздың екінші бөлігінің бірінші тармағының бастауы жалпы ғалымдардың пікірлерін саралаудан басталды. Жұмысымыздың жалғасы деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды топқа бөлумен, криминологиялық сипаттамасында көрініс тапты.

«Қадағалау» сөзінің баламасы ұлттық заңнамаларда көрсетілмегендігіне орай Ресей ғалымдарының «қадағалау» сөзіне қатысты қалыптасқан пікірлеріне көз жүгіртіп өтсек. 1989 жылы Рязань қаласының КСРО ІІМ жоғарғы мектебінің оқытушылары А.И. Васильев пен А.В. Маслихиннің түсініктері бойынша берілген сөздің мәнін сотталғандарға бағытталған қадағалау деп есептеген. Демек, Кеңес үкіметінің ғалымдары сотталғандардың мінез-құлқына тұрақты бақылауды жүзеге асыру іс-әрекетін «қадағалау» деп түсіндірген [46].



Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі «қадағалау» сөзінің баламасына ХХІ ғасырдың жаңа көзқарасымен қараған Ресей Федерациясының ФЖОҚ қызметкері С.Г. Фаттаховтің өзінің зерттеулерінде қадағалауды – тексерулерден, тінтуден тұратын ұйымдастырушылық, тактикалық іс-қимылдардың жиынтығы ретінде айқындады. Сондай-ақ ҚАК-мен және нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген ережелер жиынтығы деп санайды [47].

«Қадағалау» терминологиясына қатысты ФЖОҚ-не қарасты Рязань академиясының ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері Е.Южаниннің тұжырымдамасы бойынша «қадағалау» терминологиясы қылмыстық-атқару жүйесінің жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйесі болып табылады. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тұрақты орындалуын, сотталғандарды орналастыру және жұмыс орындарындағы мінез-құлқын бақылау, олардың құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алу және жолын кесу, оқшаулау, сондай-ақ сотталған азаматтармен мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігі қамтамасыз ету болып табылады. Е.Южаниннің «қадағалау» сөзінің тұжырымдамасында пенитенциарлық мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігі аса маңызды аспект екені аталып өтілген [48, 154 б.].

Е.Южаниннің «қадағалау» сөзінің тұжырымдамасын пенитенциарлық мекемелердегі діни экстремизмге қарсы қолдануға болатын аса негізгі ғылыми-заңды түсінік деп санаймыз.

Пенитенциарлық мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігі туралы тек Е.Южаниннің тұжырымдамасында ғана емес, сонымен қатар диссертациямыздың бірінші бөлігінің үшінші тармағында зерделенген шетел тәжірибесіне сәйкес БҰҰ-нің Есірткі және терроризмге қарсы комитетінің «Соғысушы діни экстремистерге қарсы жұмыс жоспарлау» бағдарламасында нақты айқындалған [49].

«Қадағалау» сөзінің баламасын нақты түсінгеннен кейін қадағалау саласында өзекті мәселелерге көшетін боламыз. Атап айтқанда, қадағалауды жүзеге асыратын пенитенциарлық мекеме бөлімдері мен әскери құрылымдары сотталғандарды қадағалауға қатысты проблемалық мәселелер.

Біріншіден, тиісісті бағдарлама құру қажеттілігі. Қадағалаудағы маңызды мәселе деструктивті діни қылмыстар үшін сотталғандарды өкшаулап, бөлек үй-жай жағдайларында ұстауымен байланысты. Диссертациямыздың басында бөлек ұстауға қатысты шетел тәжірибесін саралап, нақты елдерде орын алған нәтижелері туралы толық мазмұндалған. Алыс және жақын шетел мемлекеттерінің тәжірибесін зерттей келе Еуропаның дамыған мемлекеттері, ТМД және АҚШ мемлекеттерінде деструктивті ағымдағы сотталғандарды бөлек ұстау тәжірибесі пенитенциарлық жүйе саласында ұтымды пайдаланылатыны белгілі болды.

Сотталғандарды бөлек пенитенциарлық мекемелерде немесе мекеме ішінде бөлек блоктарда ұстау деструктивті діни ағымдағы сотталғандарға қатысты қадағалау жүргізетін қызметкерлердің жұмысын жеңілдетеді және деструктивті діндегі сотталғандарды басқа сотталғандардан ажыратып, тек деструктивті діни ағымдағы сотталғандармен дерадикализациялау жұмыстары оң нәтижесін береді деп санаймыз.

Қадағалауды жүзеге асырудағы өзекті мәселелердің бірі – кадр тапшылығы. Білікті мамандардың тапшылығы немесе жоқтығы, басқа мекеме қызметкерлеріне түсетін екі есе жүк болып табылады. Деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды қадағалау барысында қызметкерлердің ерекше арнайы біліктілігі болуы және лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленген көлемнен артық жұмыс жүктелмеу керек.

Қадағалау қызметін жүзеге асыратын қызметкерлердің дін саласында арнайы біліктілігінің төмендігі немесе жоқтығы деструктивті діни ағымда жүрген сотталғандарды анықтай алмауына немесе деструктивті ағымдағы сотталғандар қызметкерлер назарынан тыс қалады.

Пенитенциарлық мекемеде бекітілген штат бойынша қызметкерлердің жетіспеуі, бос лауазымның жұмысын уақытша басқа салалас қадағалау қызметкерлеріне жүктеу салдарынан жұмыс сапасы төмендейді.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы «2019 – 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» №897 қаулысында көрсетілгендей қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері қызметкерлерін штаттық-құрылымдарын қайта қарау және толықтыру көзделген [50].

Үкімет дәрежесінде көтерілген бұл сұрақтың түйіні, бүгінгі күнге дейін өз шешімін таппады. ҚАЖК ресми сайтының [5] ақпаратына жүгінсек, қазіргі таңда республика бойынша 1450 аттестациялық ваканттық орын бар. Бұл өз кезегінде кадр тапшылығы мәселесінің төмен деңгейде екенін көрсетіп отыр.

Кадр тапшылығының басты мәселесі пенитенциарлық мекеме қызметкерлеріне арнайы контингенттен түсетін психологиялық қысым. Психологиялық қысым салдарынан мекеме қызметкерлерінің жұмыс істеу деңгейі төмендеп, қадағалау аспектілері нашарлайды, кей жағдайларда тіпті қызметтен кетуіне себепші фактор болып табылады.

Түпкір мәселені шешу жолы ретінде диссертациямыздың бірінші бөлімінде айтып кеткеніміздей, алыс және жақын шетел мемлекеттерінің тәжірибесіне сәйкес қызметкерлердің моральдік-материалдық жағдайын арттыру мәселесі бойынша Түркия мемлекеттінің жазаны орындау мекемелерде қызмет атқаратын қызметкерлерге үкімет тарапынан кепілдік берілген әлеуметтік топтама (социальный пакет) шеңберінде ұсынылатын көмек қызығушылық тудырады.

Түркия мемлекетінің пенитенциарлық мекеме қызметкерлеріне, оның ішінде діни деструктивті ағымдағы сотталғандармен тікелей жұмыс атқаратын қызметкерлер жақсы әлеуметтік топтамаларға ие. Белгіленген әлеуметтік топтама ішінде қызметтік пәтер және көлік құралы

қарастырылған, одан бөлек жылына екі рет ақылы еңбек демалысына шығу тәртібі.

Қызметкерлердің психологиялық-моральдық, тұрмыстық деңгейін көтеру үшін мекеме қызметкерлерінің әлеуметтік топтамасын қайта қарастыру қажет деп санаймыз. Жоғары жалақы, қызметтік пәтер және автокөлік құралы ұсынылған жағдайда кадр тапшылығының қысқаруына, сондай-ақ кәсіби мамандардың тартылуына үлкен себепші болатынына сеніміз.

Қадағалауды тиімді жүзеге асыру үшін оны ұйымдастыру жүйесіне ашып көрсету керек. Деструктивті діни ағымдар бағытындағы жұмыс мәселесін зертеу барысында барлық аспектілеріне мән беру маңызды іс. Өйткені әр оқылық үлкен зардаптарға әкелуі мүмкін.

Діни экстремистік сотталғандарға қадағалаудың тиімділігін арттыру үшін арнайы бөлек пенитенциарлық мекемелерді немесе пенитенциарлық мекеме ішінде арнайы блоктарды құрған дұрыс деп санаймыз.

Шетел тәжірибесін қарастырып, көптеген дамыған елдерде діни экстремистік немесе террористік қылмыстар үшін сотталғандарды бөлек ұстау тәжірибесі қолданылуда.

Диссертациялық зерттеу жүргізу барысында келтірілген алыс және жақын шетел мемлекеттерінің діни экстремистік немесе террористік қылмыстар үшін сотталғандарды бөлек мекемелерде немесе арнайы блоктарда ұстау тәжірибесі өте жақсы нәтиже беріп, халықаралық ұйымдармен мақұлданған.

Берілген әдісен сотталған діни экстремистке қатысты дерадикализация жұмыстарын жүргізу көп уақыттан бері қызығушылық танытып жатқан тақырыптардың бірі болып табылады.

Діни экстремистік көзқарастағы сотталғандарды арнайы мекеме немесе мекеме ішіндегі арнайы блоктарда ұстаудың күрделі жақтары деструктивті ағымдағы сотталғандармен жұмыс жасайтын, оның ішінде қадағалау

қызметін жүзеге асыратын қызметкерлердің деструктивті діни ағымға қатысты арнайы, кәсіби деңгейде біліктілігінің болуы.

Қадағалау қызметін және пенитенциарлық мекеме ішіндегі қызметкерлердің деструктивті діни ағым саласында арнайы біліктілерінің жоқтығы мекеме ішінде діни экстремизмнің таралуы мен өршіуіне әкеліп соқтыратын негізгі фактор болып табылады.

Еліміздің Тұңғыш президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы Халыққа кезекті жолдауында бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандармен теологиялық оңалту қызметтерінің мақсатты жұмысы ұйымдастырылуға тиіс екендігіне ерекше назар бөлінген [51].

Елбасының жолдауына сәйкес 2018 жылы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің тәрбие жұмысы бөліміне жаңа теолог лауазымы қосылып, республика бойынша 140 штат бөлінді. Дәлірек айтқанда әр қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне бір немесе екі теолог лауазымының штаттық бірлігі берілген [52].

Пенитенциарлық мекемелерінде теолог лауазымы пайда болғаннан кейін деструктивті ағымдағы сотталғандармен жұмыс едәуір жақсара түсті. Әйтсе де жалғыз теолог маманның діни білімінің және кәсіби біліктілігінің болуы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизммен күресте аздық етеді.

Жазаны орындау мекемелерінде ең азы 300-ден 1500 сотталғанға дейін ұсталады. Деструктивті ағымдағы сотталғанмен жұмыс теолог-маманға бір немесе одан да көп сағатқа созылуы мүмкін.

Теолог-маман күнделікті деструктивті ағымдағы сотталғандармен жұмыс жасап, оларды дәстүрлі дінге қайтаруымен айналысады. Пенитенциарлық мекеменің басқа бөлім қызметкерлері мен ІІМ-нің Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің деструктивті ағымға енді кірген немесе деструктивті ағымда жүрген, бірақ теолог-маманның немесе мекеме басшылығының назарынан тыс қалған сотталғандарды анықтап, мекеме

басшыларына және теолог-маманға дер кезінде хабарлау, мекемедегі деструктивті діни ағымның таралуына және алдын алуына үлкен септігін тигізеді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандармен тығыз қарым-қатынасқа мекеменің жедел, режим және тәрбие бөлімі қызметкерлері түседі. Сотталғандардың күн тәртібін сақтауы, жария-спорт шаралары, профилактикалық-психологиялық әңгімелер және тәртіпсіздіктердің алдын алуы бойынша жұмысты аталған пенитенциарлық мекеме бөлімінің қызметкерлері жүзеге асырады. Одан бөлек қауіпсіздігі орташа, жоғары, төтенше және толық мекемелерінде Ұлттық ұлан әскери бөлімдерінде келісімшарт бойынша әскери қызметшілер ауыспалы қызметке түсіп мекеме ішіндегі тәртіпті қадағалайды.

Аталып кеткен пенитенциарлық мекеме бөлімінің қызметкерлері мен Ұлттық ұлан әскери қызметшілері мекеменің күн тәртібіне сәйкес сотталғандардың таңғы ұйқыдан тұруынан, түнгі ұйқыға жатар уақытқа дейін сотталғандарды жіті бақылап, сотталғандарды қадағалайды. Оның ішінде, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіндегі күнделікті өмір тынысын қамтитын іс-шаралар жиынтығы, тамақ ішуі басқа сотталғандармен, мекеме әкімшілігімен қарым-қатынасы және ең бастысы намаз орындауы және т.б. жалпы мекемелік іс-шаралар мекеме қызметкерлері мен әскери қызметшілердің қатысуымен өтеді.

Сотталғандардың діни іс-шаралар оның ішінде, намаз орындауына тоқталатын болсақ ҚАК-нің 13-бабына [3] сәйкес сотталғандарға ар-ождан мен діни сенім құқығына бостандық беріледі. Діни жораларды орындау кезінде жазаны орындайтын мекеменің немесе органның ішкі тәртіптеме қағидалары сақталады. Яғни, мекеменің күн тәртібіне сәйкес сотталғандар өздерінің жеке уақыттарында діни жораларды (намаз) орындай алады.

Қадағалау қызметін жүзеге асыратын қызметкерлердің деструктивті діни ағым саласында арнайы біліктілігінің қажеттілігі туралы жазып

өткенбіз, халықаралық ұйымдарда және дамыған мемлекеттерде қызметкерлердің біліктілігіне үлкен назар аударылған. Осы кезекте деструктивті діни ислам ағымның негізгі белгілеріне анықтама беру үшін оны 2 топқа бөліп қарастыратын боламыз.

Белгілердің бірінші тобына сотталушының сыртқы бет-әлпеті, түрімен (киім үлгісі, шаш, сақал және т.б.) байланысты болып келеді.

Сақалды қою ислам дінінің ережелерімен анықталады. Исламда төрт мазхаб немесе шариғат құқық мектебі бар екені белгілі. Ханафи мазхабында сақалды қою сүннет, яғни әр адамның өз еркі мен қалауы бойынша қойылады, діндегі парыз (міндет) емес нәрсе.

Араб елдерінде бұл – уәжіп, яғни мүміннің (адамның) тікелей міндеті. Діни деструктивті ағым өкілдері араб елінің ұстанымын негіз қылып, мүмкіндігінше ұзын сақалды өсіреді. Кейде радикалды ағымдардың өкілдері сақалын қысқа қылып қиып, сирек жағдайларда мүлдем алып тастауы мүмкін. Мұндай үрдістер көбінесе көзге түспеу мақсатында жасалады.

Салафиттер ұқыпты, таза, және мисктар (араб май хош иістерін) пайдаланады.

Сондай-ақ, діни рәсімдерді орындау тәжірибесінде олардың сыртқы айырмашылықтары бар. Мешітте болған салафиттер басына тақия кимейді және таспих пайдаланбайды. Бұл оларды дәстүрлі діндегі адамдардан ерекшелендіреді. Ғибадат кезінде олар артық қимылдар жасай береді (төрт сунниттік мазхабта тек үш кішкентай қимыл жасауға рұқсат етіледі). Намаз кезінде барлығы отырғанда оң қолының сұқ саусағымен айналмалы қозғалыстар жасайды. Азаннан кейін дұға етуге шақыру, пайғамбарға бата беру сияқты іс-шараларды орындауға тыйым салынады.

Салафиттер әйелдерінің көздерін ғана ашық қалдырып, бет-келбетін толығымен жауып тұруын қатаң қадағалайды. Бұған сотталғандардың туыстарымен кездесу кезінде назар аудару керек.

Екінші топ белгілері әңгімелесу процесінде анықталды. Сотталушы Құран мен Пайғамбардың сөздерін тарихи және қоғамдық саяси контекстті ескерместен тура түсіну керек деп талап етеді. Бұл деструктивті исламның жақтаушылары діннің кез-келген жаңалықтарын, соның ішінде шарифатта танылған жаңалықтарды тілдік (сөзбен жаңалық болып табылатын) және діни (шын мәнінде дінге жаңа нәрсе енгізу) деп бөлуден бас тартады.

Әдетте, сотталғандар салафизм бағытын ұстанғанымен діни құқықтық мектептердің талаптарын ұстанбайды. Қандай да бір діни мектепке (мазхабқа) жататындығы туралы сұраққа жауап берген кезде сотталған өзін мазхабпен байланыстырудан бас тартады. Көп жағдайларда ол жалтарып жауап береді немесе әр ілімді аздап қолданады деп мәлімдейді.

Салафиттерге марқұмдар мен қабірлерге қатысты дәстүрлі исламдық көзқарас тән емес. Аталған бағытты ұстанатын сотталғандардың ұстанымдары бойынша қайтыс болған адамның өлімімен оның осы әлеммен байланысы тоқтайды. Сәйкесінше, марқұмға арналған дұға мен игі істерді инновация мен политеизм деп санайды. Қабірлерге арналған ескерткіштер орнату және жазулар жасау олардың пікірінше жаңашылық және политеизм болып саналады. Өйткені, пұттар мен мәйіттерге дұға ету мүмкін емес деген көзқарасты ұстанады.

Дәстүрлі исламның, деструктивті исламның жақтаушыларынан айырмашылығы, дәстүрлі мұсылман үшін өлім сыртқы әлеммен байланысты тоқтату дегенді білдірмейді. Бірақ бұл байланысты «қайта форматтау», оның біз үшін жаңа, ерекше жағдайға ауысуы дегенді білдіреді. Осыған байланысты дұға ету, кез-келген басқа игі іс жасау, содан кейін оны белгілі бір марқұмның жанына немесе мұсылмандардың барлық рухтарына арнау оларға жеңілдік пен қуаныш әкеледі.

Кәпірлерді өлтіру («кәпірлердің қаны») және олардың мүлкін тәркілеу рұқсат етілген болып саналады. Бұл тек христиандарға немесе басқа ілімдердің жақтаушыларына ғана емес, сонымен бірге олардың



көзқарастарымен бөліспейтін мұсылмандарға да қатысты. «Мұсылман мұсылманды қалай өлтіре алады?» деген сұраққа салафиттер: «өзге бағыттағы ислам ағымдарының жақтаушылардың және ережелерді сақтамайтын мұсылмандардың қаны төгілуге рұқсат береді» деп жауап қайтарады.

Салафит мұсылмандардың міндеті ислам жерінде әскери «жиһад» жүргізу. Олардың пікірінше, бүгінде ислам мен бүкіл мұсылман әлеміне Батыс өркениетінің жойылу қаупі төніп тұр, демек, «нағыз» мұсылман өмірінің мәні «жаудың қатыгездігін» болдырмау, әлсіздерге сенімді қолдау көрсету және Алланың дінін қорғау үшін жиһад жүргізу [53].

Белгілі дінтанушы-теолог Еркінбек Шоқайдың пікірінше деструктивті ағымдағы азаматтар біздің ғасырлар бойы қалыптасқан діни ұстанымымызды Әбу Ханифаның мазхабын, Матуриди ақидасын, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қызметі мен имамдардың сөздерін жоққа шығарады [54].

Еркінбек Шоқайдың сөзіне жүгінетін болсақ, деструктивті ағымдағы азаматтар діни жораларды, дәлірек айтқанда намаз орындау барысында, көбінесе қолды кіндіктен жоғары ұстап, талтайып тұрады және «әмин» сөзін жиі дауыстап айтады. Алайда бұл Әбу Ханифа мазхабына қарама-қайшы келеді.

Қазақстан мұсылман діни басқармасы бекіткен діни құқықтық мектеп ретінде елімізде ресми түрде Әбу Ханифа мазхабы болып белгіленген. Республикамызда бекітілген Әбу Ханифа мазхабы бойынша намаз оқу барысында екі қол кіндіктің астына байланады және екі табан арасында 4 саусақ сиятындай орын қалдырады, нақтырақ айтқанда талтайып тұруға тыйым салынады [55].

Сотталғандар Әбу Ханифа немесе басқа мазхаб бойынша діни жорағыларды (намазды) орындап жатқанын, болмаса мүлдем мазхаб ұстанбайтынын анықтау үшін мекеме бөлімі мен Ұлттық ұлан әскери

қызметшілері сотталғандармен намаз оқу барысына қадағалауды жүргізген кезде деструктивті ағымдағы сотталғанды анықтауға септігін тигізеді.

Деструктивті ағымдағы сотталғандардың ең негізгі белгілерін қарастырдық. Ендігі кезекте елімізде экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласында ведомствоаралық қызметті үйлестіруді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік орган Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы ҚР Терроризмге қарсы орталығының мамандары және сарапшыларымен теріс діни ағымдағы сотталғандарды анықтаудың келесідей белгілерін әзірленген:

Қазақстанда тұратын барлық этностардың ұлттық құндылықтарын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жоққа шығарады (оның ішінде Жаңа Жыл, Наурызды тойлау, ұлттық салт-дәстүрлері, қайтыс болғандарға Құран оқуды бағыштау және т. б.);

зайырлы мемлекеттерге, зайырлы өмір салтына агрессивті көзқарас;

мемлекеттік мерекелер мен рәміздерге құрметсіздік танытады;

мазхабтарды (Орталық Азияда және мұсылман әлемінің басқа да аймақтарында тамыр жайған діни мектептер), оның ішінде Қазақстан мұсылмандарының көпшілігі ұстанатын Ханафи мазхабын мойындамайды;

Дәстүрлі исламның ізбасарларын діннен бас тартушылар деп санайды, басқа дін өкілдеріне және дін ұстанбайтын адамдарға төзбеушілікті көрсетеді;

қазіргі заманғы мәдениет пен өнер түрлеріне (музыка, балет, бейнелеу өнері және т. б.) агрессивті қарайды;

заңмен белгіленген міндеттерді орындаудан бас тартады (әскери қызметке бармау, міндетті орта білім алу және т. б.);

медициналық процедуралардың жекелеген түрлерінен бас тартады (қан құю, вакцинация, органдарды трансплантациялау және т. б.);

9) білім беру ұйымдарында жүргізілетін оқу пәндеріне (биология, дене шынықтыру, ән айту, сурет салу және т.б.) бармауға шақырады [56].

Деструктивті ағымды ұстанатын адамның өзіне тән алуан түрлі белгілері бар және олардың түрлері көп болып табылады. Әрине қылмыстық-атқару жүйесі мекеме қызметкерлері, арнайы дін саласында, жұмыс істемегеннен кейін және арнайы білімдерінің жоқ екенін ескеріп (теолог-мамандардан басқа), деструктивті ағымдағы сотталғандарды анықтаудың оңай және тиімді жолын жоғарыда көрсетіп өттік.

Диссертациямыздың екінші бөлімінің бірінші тармағына зерттеу жұмыстарын жүргізіп, теолог-маманның ғана емес, басқа бөлім қызметкерлерінің діни сауаттылығын арттыру жолымен пенитенциарлық мекеме ішіндегі діни экстремизмнің таралуының алдын алуға болады.

Тәрбие бөлімнің жасақ бастықтары сотталғандармен тәрбиелік мәні бар сұхбат жүргізу барысында жоспарланған бағдарламаға Әбу Ханифа мазхабы тақырыбын қосып, сотталғандардың осы тақырыпқа деген көзқарастарын зерделеп, одан бөлек мемлекетіміздің дамуы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрып сияқты деструктивті ағымдағы сотталғандарға жақпайтын тақырыптар көлемін көбейту арқылы сотталғандардың діни теріс көзқарастарын байқауға болады.

Жедел бөлімнің жедел уәкілдерімен өздерінің жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру барысында деструктивті ағымдағы сотталғандардың өздеріне тән белгілерін пенитенциарлық мекемеде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың бойынан, мінез-құлықсынан байқау және оған қадағалау жүргізілсе деструктивті теріс діни ағымның таралуын болдырмауға болады.

Режим бөлімінің жедел уәкілдері күнделікті таңғы, түскі және кешкі ас кезінде деструктивті ағымдағы сотталғандардың өздерін ұстауы, одан бөлек спорттық іс-шаралар кезінде дін ұстанбайтын (көбінесе басқа ұлт өкілдері) немесе дәстүрлі ислам дінінде жүрген сотталғандарға қарым-қатынасы және көзқарастары, Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің күнделікті жасақтарда және камераларда сотталғандардың өздерінің жасақ, камера ішінде ұстауы, жеке бос уақытында орындайтын намаз үлгісін бақылау және т.б. жалпы

мекемелік іс-шараларда сырттай қадағалауды күшейту және мекеме қызметкерлері тарапынан жүргізілетін іс-шараларды қолға алынып, мекеме басшылығымен қатаң қадағаланса, мекемедегі діни деструктивті ағымның алдын алуға және жоюға болады деп сенеміз.

Мекеме қызметкерлері мен әскери қызметшілердің, деструктивті ағымдағы сотталғандарды, басқа сотталғандардан ажырата алмауының себебі айтып өткеніміздей, кәсіби біліктіліктің төмен деңгейі немесе жоқтығы.

Осы тұрғыда пенитенциарлық мекеме қызметкерлері мен әскери қызметшілерге келесідей арнайы дайындық курстарын өткізу керек деп санаймыз. Құжаттар және басқа да өзгерістер бойынша диссертациямыздың қорытынды бөлімінде толық айтып өтеміз.

Ендігі кезекте қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі жедел-ізвестіру мәселелеріне тоқталатын болсақ, ұйымдастыру мен жүргізу тактикасын жедел-ізвестіру іс-шараларын және анықтау бойынша жұмыстар діни экстремистік бағыттағы сотталғандарға елеулі әсер етеді.

Жедел-ізвестіру қызметі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі режимді қамтамасыз етудің, құқық бұзушылықтардың алдын алудың және жолын кесудің, сондай-ақ сотталғандардың еркіндікте жасаған қылмыстарын анықтаудың негізгі құралы болып табылады. Қазіргі уақытта түзеу мекемелерінің тиімді жұмыс істеуін оларда құрылған жедел бөлімшелерсіз елестету қиын. Олар бас бостандығынан айыру орындарында және одан тыс жерлерде қылмыстық ізвестіру, есірткіге қарсы күрес және т.б басқармалармен бірлесе отырып, қылмысқа қарсы күресте елеулі шаралар кешенін жүзеге асырады.

Пенитенциарлық мекемелердегі жедел-ізвестіру қызметіне тоқталып жатырмыз, ендігі кезекте қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі жедел-ізвестіру қызметінің пайда болу тарихына кішкене тоқталып өтсек.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жедел-ізвестіру қызметі салыстырмалы түрде жақында жүргізіле бастады. Дәлірек айтатын болсақ,

XIX ғасырда пенитенциарлық мекемелердегі бұл іс-шараларды аумақтық құқық қорғау органдары жүзеге асырды. Мұндай тапсырманың міндетті емес, факультативтік екенін ескеріп, олар бұл тұрғыда қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне аса мән бермеді, салдарынан түрмелерінде қылмыстың жоғары деңгейіне әкелді. Бас бостандығынан айыру орындарында өркен жайған жалған ақша алу мен парақорлық көбіне онда жұмыс істейтін қызметкерлерді сотталғандардың қызметшісіне айналдырған.

XX ғасырдың басы Ресей империясында орын алған дағдарыстық құбылыстардың аясында, қылмыстық тенденциялардың күшеюімен ерекшеленді. Сонымен қатар, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде толық ұйымдастырылған жедел-іздігіру қызметінің жоқтығы түзеу мекемелерінің қызметкерлеріне қылмыстардың алдын алу бойынша қажетті профилактикалық іс-шараларды жүргізуге мүмкіндік бермеді, соған байланысты жаппай тәртіпсіздіктер, қашулар, түрме қызметкерлерінің өліміне себеп болды. Сотталғандар мен олардың сыбайластары жиі кездесетін және кең таралған құбылыстарға айналды.

Мәселен, тек 1906 жылы ғана 133 тәртіпсіздік, 480 жарылыс, 7 түрмеде өрт қойылса, 1907 жылы жазасын өтеп жатқан адамдардың заңсыз әрекеттерінен 140 сотталған қаза тауып, 169 қызметкер жараланғаны ресми түрде тіркелді [57].

Сипатталған жағдай 1930 жылы еңбек-түзеу лагерьларында жұмысы заңмен белгіленген жазаның орындалуын қамтамасыз етуге көмектесуге бағытталған ақпараттық-тергеу бөлімшелерінің құру негізгі фактор болды. Кеңес үкіметінің қылмыстық-атқару жүйесінің тарихында түзеу мекемелеріне қызмет көрсететін алғашқы мамандандырылған жедел бөлімшелер болды.

Құрылған жаңа бөлімшенің негізгі міндеттері бас бостандығынан айыру орындарында қашу, кісі өлтіру, дене жарақатын салу, топтық бағынбау және тәртіпсіздіктер орнату, жұмысшылар мен басқа да адамдарға

бас бостандығынан айыру орындарындағы шабуылдардың дер кезінде алдын алу, қашып кеткен сотталғандарды іздестіру, сондай-ақ осы құқық бұзушылықтардың ұйымдастырушыларын, оларды үйлестіруге немесе орындауға қатысатын басқа да сотталғандарды анықтау болды.

Жедел-іздестіру қызметі арқылы мекемелердегі деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды анықтау, олармен экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау факторларын болғызбау, сондай-ақ экстремизмге қарсы іс-қимыл жүргізу елеулі жұмыс атқарылады.

Отанымызда қылмыстық-атқару жүйесі саласында жедел-іздестіру қызметі ҚР ҚАК-нің 100-бабына [3] сәйкес жүргізіліп, басты назар сотталғандардың қауіпсіздігі мен пенитенциарлық мекеме ішінде жазаны өтеудің белгіленген тәртібінің сақталуын қадағалау болып табылады.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды бөліп қарастыраған жөн деп санаймыз.

Жедел-іздестіру қызметінің деструктивті діни ағымдағы сотталғандармен күрес жүргізуді екі кезеңге бөліп қарастырған жөн деп санап отырмыз.

Бірінші кезең – мекемеде діни топтың бар екендігі туралы жеткілікті сенімді қорытынды жасауға мүмкіндік беретін ақпаратты жинау және жалпылау туралы алғашқы мәліметтерге ие болады.

Екінші кезең – пенитенциарлық мекемесінің түрін және ондағы контингентті ескере отырып, діни топтың мүшелері болып табылатын сотталғандардың экстремистік іс-әрекетін анықтау және жолын кесу тактикасын әзірлеу. Бұл сотталғандардан да, түзеу мекемесінің қызметкерлерінен де белгілі бір тұлғаға қатысты компроматтардың түсуі мүмкін. Сотталғанның тұрғылықты жерінен туыстарының, достарының және таныстарының діни бағыты, оның радикалды сипаттағы діни догмаларға қатынасын сипаттайтын ақпарат мен мәліметтер алу және т.б.

Жедел-іздістіру қызметінің тарихын зерделей келе, аталған қызметтің қылмыстық-атқару жүйесі үшін ғана емес, жалпы қоғамдық қауіпсіздікке қызмет ететіні сөзсіз.

2.2 Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің діни экстремизмге қарсы күрес бойынша құқықтық негіздемесін жетілдіру жолдары

Қазіргі уақытта экстремизм мен терроризм проблемасы халықаралық қоғамдастық үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып қалуда, ал экстремистік және террористік топтармен күрес қазіргі қоғамның ең өзекті міндеттерінің қатарына кіреді.

Экстремизм, оның ішінде пенитенциарлық мекемедегі экстремизм елдің ұлттық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіреді. Мысалы, адам ұрлау, кепілге алу, көліктерді (авиация, темір жол, су және т.б.) ұрлау, бомбалардың жарылуы, этно-конфессиялық қақтығыстардағы зорлық – зомбылық актілері, оларды жүзеге асыру және т.б. әрекеттер. Сондықтан ҚР-дағы экстремизмге қарсы тұру мәселесі мемлекеттік деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері – экстремистік іс-әрекетке қарсы күрес саласындағы құқықтық қамтамасыз ету. Терроризмге және діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар заңнамалық, ұйымдық және институционалдық деңгейде 1990-шы жылдардың соңында жүзеге асырыла бастағанына қарамастан, мемлекеттің осы саладағы нақты саясаты салыстырмалы түрде жақында жүйелі сипатқа ие бола бастады.

Қазақстанда 1999 жылға дейін терроризмге қарсы нормативтік-құқықтық акті болмаған. Ал елдің діни өмірі ҚР 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңымен реттелген. Аталған Заң елдегі діни экстремистік насихатпен айналысатын

субъектілерінің қызметіне іс жүзінде ешқандай кедергі келтірмей, шектеулер белгілемеген.

Елімізге көршілес Өзбекстан Республикасындағы 1999 жылғы ақпанында террорлық шабуылдар мемлекетіміздің билігімен алғашқы «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңының қабылдануына негіз болған [58].

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанынан терроризмге қарсы орталық 2003 жылы құрылған. Орталықтың құрамына барлық уәкілетті құрылымдардың басшылары, оның ішінде ішкі істер және қорғаныс министрлері, Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы және ҰҚК төрағасы Орталық жұмысын үйлестіруші, әрі басшысы ретінде енген.

Әділет министрлігінің құрамында 2005 жылы Дін істері комитеті құрылған. Комитетке діни бірлестіктерді тіркеу және дінтану сараптамасын жүргізу жөніндегі функциялар жүктелген. Комитеттің қызметін ғылыми-талдамалық қамтамасыз ету үшін дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы (2007 ж.) және мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы (2008 ж.) құрылған болатын.

Қазақстан заңнамасы, халықаралық заңнама сияқты жеке құқықтарды қорғауға, мемлекеттік құрылымдардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі уақытта Қазақстанда экстремизм мен терроризмнің таралуына қарсы күресті қамтамасыз ететін ережелер бар бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданған.

Экстремистік әрекетке қарсы тұрудың құқықтық негіздері ең алдымен ҚР Конституциясында бекітілген. Ол заң мен сот алдында барлығының теңдігін, өмір сүру құқығын, қозғалыс еркіндігін, ұлтқа жататындығын және ана тілін пайдалану бостандығын, ар-ождан мен дін бостандығын, сайлау құқығын қарастырады.



Сонымен қатар экстремизм әрекеттеріне, көріністеріне қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері ҚР-ның 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңында белгіленген [59].

Жасалған экстремистік іс-әрекеттер үшін ҚР ҚК-тің 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 және 405-баптарымен қылмыстық жауаптылық көзделген. Аталған қылмыстарға бас бостандығын айырумен байланысты емес альтернативті (айыппұл, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және т.б.) жазалардан бастап, ең ауыр жаза ретінде екі жылдан жиырма бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қолданады [60].

Демек, қылмыстардың санатына байланысты экстремизм қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталған тұлғалар қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі төмен, орташа және барынша жоғары мекемелерінде өткереді.

ҚР ҚАК-нің 94-бабымен сотталғандарды мекемелерде бөлек ұстау тәртібі мен жағдайлары реттелген. Атап айтқанда, мекемелерде сотталған ерлер мен әйелдерді, кәмелетке толмағандар мен ересектерді, әртүрлі инфекциялық аурулармен ауыратын сотталғандарды бөлек ұстау жағдайлары белгіленіп, ал сотталған – соттардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлері, сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдары үшін жекелеген мекемелерде жазасын өтеу тәртібі қарастырылған [3].

Басқа сотталғандардан оқшауланып, бөлек: қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында сотталғандар; өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар; өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар; өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау

тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар ұсталады.

ҚР ҚАК-нің талаптарына сай діни экстремизм және террористік қылмыстарды жасаған қылмыскерлерді өзге сотталғандардан жаза өтеу мекемелерінде оқшау немесе бөлек (жеке) ұстау жай-күйі қарастырылмаған. Салдарынан аталған санаттағы қылмыстар үшін сотталғандар, деструктивті діни бағыттағы әрекеттермен байланысты емес қылмыстар үшін сотталған адамдармен сот үкімі бойынша мөлшерді бас бостандығын айыру жазаларын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бірге өтейді [3].

Деструктивті діни ағымдағы сотталғандардың басқа сотталғандармен жазаларын бірге өтеу салдарынан елімізде орын алған төмендегі төтенше жағдайлар дәлелдеп отыр.

2011 жылдың 11 шілдесіне қараған түні, Қарағанды облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты Балқаш қаласында орналасқан АҚ-159/21 түзеу мекемесінде деструктивті ағымдағы сотталған азаматтардың бір тобы түнде түрмеден қашуға әрекеттенеді. Суық және оқпен атылатын қарумен қаруланған олар қарауылшыға шабуыл жасайды. Салдарынан қылмыстық-атқару жүйесінің екі қызметкері пышақ жарақаттарын алады, тағы төрт қызметкерге оқ тиеді. Олардың бірі ауруханаға барар жолда көз жұмады. Одан кейін қылмыскерлер мекеменің өнеркәсіп аймағында жасырынады. Оларға ПД-нің «Арлан» арнайы жасағы батыл шабуыл жасайды. Бұдан кейін қашқындар өз-өздерін жарып жіберді;

2010 жылы 22 маусымда Маңғыстау облысы ҚАЖД-не қарасты Ақтау қаласында орналасқан ГМ-172/1 түзеу мекемесінде дәстүрлі емес ағымды ұстанатын 21 сотталған қаруланып қашқан. Қашу барысында олардың сегізі сол күні-ақ ұсталған: жетеуі қақтығыста мерт болып, біреуі жараланып қамауға алынған. Сотталғандар қашқан кезде күзетте тұрған сақшыға бағыттап, бірнеше рет оқ атқан. Қарулы қақтығыс нәтижесінде күзетте тұрған сақшы және оқиға орнына дереу жеткен «Арлан» арнайы жасағының

бір сарбазы жарақат алып, ауруханаға түседі. Қалған 13 адам бес күннен кейін қаладан 170 шақырым қашықтықтағы Қызылсай шатқалынан табылып, ұсталған. Осы оқиға туралы «Хабар» республикалық телеарнасының қолдауымен «Шестой пост» көркем фильмі түсірілген [61].

Осы мәселенің шетел мемлекеттердің құқықтық негіздемесіне нақтырақ тоқталып өтсек. Жұмысымыздың бірінші бөлімінде шетел мемлекеттеріндегі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі деструктивті діни ағымдарға қарсы іс-қимыл шараларын зерделеп танысқан кезде көптеген Еуропаның дамыған мемлекеттерінде экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандарды бөлек ұстау практикасы қолданылады. ТМД мемлекеттердің тәжірибиесінде осындай практика қолданысқа енгізілген.

Қырғыз Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 79-бабына сәйкес түзеу мекемелерінде террористік сипаттағы және экстремистік бағыттағы қылмыстар үшін сотталғандарға басқа адамдардан осы кодекстің 124-бабының 7-бөлігіне, 126-бабының 5-бөлігіне сәйкес бөлек ұстау белгіленеді.

Бұдан бөлек, Қырғыз Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесінің заңнамасына сәйкес экстремистік бағыттағы қылмыстар үшін сотталғандар жалпы режимдегі түзеу колониясында жазасын өткеру кезінің өзінде де қатаң жағдайларда ұсталады. Ал қатаң режимдегі түзеу колония жағдайында ұстаудың әдеттегі және жеңілдетілген жағдайларына ауыстырусыз бастапқы кезеңде қатаң шарттарда оқшау ұсталып, жазасын өтейді [62].

Осыған орай экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандарды басқа қылмыс үшін сотталғандардан оқшаулап, бөлек ұстау діни экстремизмнің мекеме және мекеме аумғынан тыс жерлерде алдын алу мен болдырмау бойынша оң нәтижесін ескеріп, қолданыстағы ҚАК-нің 94-бабының 2-бөлігінің 3 абзацын сәйкесті толықтырулар енгізу қажет деп санаймыз [3].

Деструктивті діни ағымдағы сотталғандармен жұмыс жасау барысында пенитенциарлық мекеме қызметкерлердің арнайы біліктілігінің болуы тиіс. Өйткені, мекеме қызметкерлерінің дін саласындағы біліктерінің төмендігі салдарынан деструктивті діни ағымда жүрген сотталғандар назардан тыс қалады.

Мәселен, бізбен құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында ғаламтор желісіндегі Google form сервисі арқылы қызметкерлердің діни экстремизм саласындағы құзыреттілік деңгейін анықтау жөнінде әлеуметтік бүркемелі сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға прокуратура, қылмыстық-атқару жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметінде жұмыс жасайтын қызметкерлер қатысты. Сауалнамаға жауап берген қызметкердің орташа портреті: жоғары білімді (83,9%), еңбек өтілі 8-11 жылға тең (37,5%), Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің 75% қатысуы басым болған.

Сауалнама жауаптарын талдаумен анықталғандай, жалпы қызметкерлердің 75% «экстремистік әрекеттер» туралы ұғымды дұрыс біледі және түсінеді.

Бұған қоса жауап берген қызметкердің 80% қазіргі уақыттағы діни экстремизм идеологиясының мемлекет пен қазақстандық қоғам үшін нақты қауіпті екенін таңдаған. Яғни, діни экстремизмнің мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне елеулі әсері мен байланысын түсінеді.

Қызметкерлердің басым көпшілігінің пікірінше құқық қорғау органдарында қызмет ететін барлық қызметкерлерге діни экстремизмге қарсы іс-әрекет ету саласында арнайы біліктілік талап етіледі. Атап айтсақ, қызметкерлердің 3,5% жоқ, яғни арнайы біліктіліктің керек еместігін, сондай-ақ 5,3%-ы жауап беруден қиналғанын көрсетіп, қалған қызметкерлердің 91,2% арнайы біліктіліктің қажеттілігі жөнінде бірыңғай көзқарас танытқан.

Діни экстремисттерге деген қызметкерлердің ішкі сезімдеріне келетін болсақ, 68,4%-і теріс көзқараста, 49,1%-і діни экстремисттерге қарсы тұруға ниетті.

Дегенімен, экстремисттерге қосылуға дайындық нұсқасын 1,8% қызметкер қолдаған. Бұл сауалнама қатардағы қызметкерлерге дін саласында арнайы біліктіліктің қажеттілігін анық көрсетті.

Соңғы көрсеткіштермен шектелмей, жүргізілген сауалнаманың тұтастай қорытындысымен құқық қорғау органдарында қызмет ететін 50% қызметкерлерімен дәстүрлі ислам діні туралы қолжетімді, қарапайым түсінігінің жоқ екендігі белгілі болды.

Мысалға, «ислам» сөзінің ұғымын 52,6% қызметкер мәніне сәйкесті түсінсе, қалған 47,4% ислам ұғымына теріс келетін, әр түрлі қате түсінік нұсқа батырмаларын басқан.

Қазақстан мұсылмандарына діни-руханияттық басшылық жасайтын ресми республикалық бірлестігі - Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы туралы қызметкерлердің 50,9% мүлдем бейхабар.

Ресейлік саясаттанушы И. Хохлов исламдық экстремистердің қызметіндегі тенденцияларды «жаһандық жиһад» деп санайды. Ислам ғалымдары «жиһад» (ислам жолындағы күлшыныс) терминін дұрыс түсінбеуінің салдары мұсылмандардың радикалдануына әкелетініне сенімді [63].

Діндегі кейбір мұсылмандармен діни өсиеттердің мағынасын дұрыс түсінбей, олардың мәні мен моральдық мазмұнын әдейі теріс пиғылда өз мақсаттары үшін бұрмалайды. Жиһад экстремизмнің қорқынышты көрінісі болып табылады.

Бірақ, бұған қарамастан қатардағы қызметкерлердің «жиһад» ұғымын дұрыс түсінбеуі, діни экстремизм саласындағы білімнің өте төмендігін байқатады. Оны біз сауалнама жауаптарын саралай анықтадық. Мысалға, қызметтегі жеке құрамның 28% ғана «жиһад» ұғымын дұрыс түсініп, біледі.

Мұндай жағдайда қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері қабырғаларында діни деструктивті ағымдағы сотталғанды дерадикализациялау немесе мекемеде жазасын өтегеннен кейін құқықтық саналы тұлғаны қоғамға қайтару туралы мәселе қозғау мүмкін емес.

Жалпы қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке тұруға, оны өткеруге және тоқтатуға, сондай-ақ қызметкерлерінің құқықтық жағдайы (мәртебесі), материалдық қамтамасыз етілуі және әлеуметтік қорғалуы ҚР «Құқық қорғау органдары туралы» Заңымен айқындайды.

ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 5-1-бабына сәйкес кадр қызметі өз құзыреті шегінде қызметкерлердің тағылымдамасын, тәлімгерлігін, қызметін бағалауды, оқуын, қайта даярлығын (қайта мамандануын) және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, көтермелеулерді қолдану тәртібін әзірлейді.

Осы Заңның 7-бабына сай құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсетіндерді қоспағанда, құқық қорғау органдарына қызметке алғаш рет кіретін азаматтар мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда тесттен, оның ішінде жеке қасиеттерін бағалаудан өтеді [64].

Құқық қорғау органдарына қызметке кіру, алғашқы кәсіптік даярлықтан өткен адамдарды қоспағанда, кандидаттың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші және оның кәсіптік құзыреттерге сай келу дәрежесі ескеріле отырып, конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Берілген Заңның 8-бабының 1-тармағы бойынша құқық қорғау органдарына қызметке қабылдау лауазымға тағайындау жолымен, оның ішінде құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға түскен адамдармен келісімшарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтаған адамдарды қызметке қабылдау құқық қорғау органдарының кадрына алу арқылы жүзеге асырылады.

Яғни, заңнама нормалары бойынша қылмыстық-атқару жүйесі қызметіне кандидаттар конкурстық негізде және құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтаған тұлғалар кіре алады.

ҚР-ның Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі №1 бұйрығымен бекітілген «Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды ҚР-ның мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеу бағдарламалары» бойынша кандидаттардың ҚР-ның мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеу 3 бағдарламадан тұрады [65].

Жалпы алғанда 3 тестілеу бағдарламасына 8 нормативтік құқықтық акті бойынша біліктілікті анықтауға бағытталған. Атап айтқанда, ҚР-ның Конституциясын, Қылмыстық кодексі, Қылмыстық-процестік кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «ҚР-ның мемлекеттік қызметі туралы» ҚР-ның заңдарын, ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін» (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) білуге арналған тестілер.

ҚР-ның конституциялық құрылысы мен аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын, егемендігін, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында деструктивті діни ағымдағы сотталғандармен жұмыс жасау барысында пенитенциарлық мекеме қызметкерлердің арнайы біліктілігін талап етеді.

Осыған орай, қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке тағайындалатын кандидаттар үшін Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды ҚР-ның заңнамасын білуге арналған тестілеу бағдарламасына ҚР-ның «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» және «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңнамаларын қосу қажет.

Ал, алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтаған тұлғалар үшін құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарындағы оқу бағдарламасына экстремизмнің алдын алуға бағытталған құқықтық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шараларды ұйымдастыру бойынша арнайы пәнді енгізу қажеттілігі орын алуда.

Сонымен бірге пенитенциарлық мекемеде жұмыс жасайтын қызметкерлердің дін саласындағы біліктілігін одан әрі арттыру және жетілдіру мақсатында дамыған шетел мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып, республикамыздың қылмыстық-атқару жүйесіндегі діни деструктивті сотталғандармен жұмыс істейтін қызметкерлерге жылына 2 рет біліктілікті арттыру курстарын өткізу пайдалы болатын еді.

Келесі кезекте деструктивті ағымдағы сотталғандардың дерадикализациялау мәселесін қарастырайық. Жоғарыда айтып өткеніміздей дерадикализациялау мәселесі көптеген мемлекет тарапынан қолдау алып, қазіргі деструктивті ағымдағы сотталғандардың мемлекетке деген жағымды, оң көзқарасына өзгертіп жатыр.

Қазақстан діни экстремизміне тартылған және пенитенциарлық жүйеде тиісті жазасын өтеп жатқан сотталғандарды оңалту жұмысының белгілі бір тәжірибесіне ие.

Оның ішінде, оңалту жұмыстарының мақсатты тобы бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын сотталғандарға бағытталған. Алайда, сотталғандарды дерадикализациялау және оңалту мәселелеріне арналған әдістерде сотталған экстремистердің отбасыларымен және жақын туыстарымен оңалту жұмысы мүлдем қарастырылмаған.



Өз кезегінде отбасы мүшелері сотталғанның дерадиклизациялану процесіне үлестерін қосып, көмектескісі келсе де, көбінесе қандай қадамдар қабылдау керек екенін білмейді. Сонымен қатар, отбасы адамның мінез-құлқына әсер етуі мүмкін және психологиялық тұрғыдан таптырмас қолдау.

Отбасының қолдауы радикалдану мен дерадикализацияның әртүрлі кезеңдерінде жүзеге асырылуы мүмкін. Жақын отбасы мүшелері сотталғанмен сөйлесіп, онымен бірге тәжірибесін анықтап, өмір жолының балама модельдерін ұсынып, адам үшін қауіпсіз «ішкі шеңбер» атмосферасы кеңістігін құрады.

Деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды экстремизмге көп жағдайда төмен материалдық деңгейі, идеологиялық, діни саласындағы білімділігінің жетіспеушілігі итермелейтінін ескере отырып, оны дерадикализациялау жолына түсіру және мемлекетке деген радикалды көзқарасын өзгерту мақсатында олардың отбасылары мен жақын туыстарына әлеуметтік, психологиялық көмек көрсету қажеттілігі туындап отыр.

ҚР-ның 2015 жылғы 19 мамырдағы «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Заңының 10-бабына сәйкес ең төмен әлеуметтік стандарттар мынадай салаларда белгіленеді және қолданылады: еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, отбасы және балалар, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету [66].

ҚР-ның 2008 жылғы 29 желтоқсандағы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 1-бабына сай арнаулы әлеуметтік қызметтер - өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені.

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 5-бабы бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер ақпараттық, консультациялық және

делдалдық қызметтер түрінде жалпы сипаттағы қызметтер көрсетуді қамтуы мүмкін.

Осы Заңның 6-бабымен адамның (отбасы) өмірлік қиын жағдайда жүр деп танылуы мүмкін төмендегі негіздер көзделген:

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ана қамқорлығының болмауы;
- 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девиантты мінез-құлық;
- 4) кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;
- 5) туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі;
- 6) дене бітімі және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;
- 7) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;
- 8) жасының егде тартуына байланысты, бұрынғы ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;
- 9) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау;
- 10) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);
- 11) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы;
- 12) пробация қызметінің есебінде болу [66].

Жоғарыда берілген негіздерді саралайтын болсақ, өмірлік қиын жағдайдағы отбасы, адам қатарына сотталғанның қатарынан тек 2 санаты қамтылған. Аталған қызмет мекемеден жазасын өтеп, шыққан және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды өтеп жатқан тұлғаларға арналған.

Біздің заманымыздың ең қауіпті қылмыстарының бірі – экстремизмнің алдын алу, бас бостандығынан айырылған сотталғандарды екпінді дерадикализациялау мақсатында олардың жанұялары мен жақын туыстарына көмек көрсету тәсілін шебер пайдалану өте маңызды қадам.

Сол себепті деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды отбасыларының жақын мүшелеріне көрсетілетін әлеуметтік, психологиялық көмектің әсерімен сотталғанның идеологиялық, діни көзқарастарын өзгертіп, дерадикализациялау жолына түсіріп, мемлекеттік билікке деген радикалды пікірді өзгерту экстремизмнің алдын алу бойынша ең тиімді жолы.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде талданған халықаралық тәжірибе негізінде тұжырымдар жасап, сондай-ақ қолданыстағы қылмыстық-атқару және құқық қорғау саласындағы заңнаманы және оны құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде бірқатар ұсыныстар беруге болады.

Сонымен, діни экстремизм – діни көзқарастарының ықпалындағы адамдардың ойлау тәсілі, идеологиясы, дүниетанымы, психологиясы мен мінез-құлқына байланысты қазіргі әлемнің ең жойқын құбылыстарының бірі деп қорытынды жасауға болады. Бұл жағдай экстремизм сияқты құбылыстың бүкіл әлемде белсенді тарала бастауымен және әлемдік ауқымдағы проблемаға айналуымен байланысты.

Осы проблеманың дамуы аясында көптеген мемлекеттер жаңа заңдар әзірлеп, экстремистік әрекеттерге қарсы тұру үшін әртүрлі нормативтік-құқықтық актілер қабылдайды.

Экстремизмге қарсы күреске қатысты шетелдік заңнаманы талдай отырып, соңғы уақытта барлық мемлекеттер экстремистік әрекетке қарсы заңнаманы дамытуға, жақсартуға және кеңейтуге тиісті көңіл бөлетінін көруге болады.

Әлемде пенитенциарлық мекемелерді сәтті басқаруда, оның ішінде экстремистік идеялардың таралуын жойып, болдырмау бойынша үлкен тәжірибе жинақталған. Бізге диссертациямызда мұқият зерттелген шетелдік тәжірибені мемлекеттік қылмыстық-атқару жүйесіне қабылдау керек.

Осылайша, шетелдік практикасы мен заңнамасын зерттеу және оны ұлттық заңнамалармен салыстыру экстремизмге қарсы іс-қимыл тәсілдерін жетілдіруге ықпал етеді.

Экстремизм өте күрделі құбылыс болғандықтан, оны жою үшін осы ұғымға нақты анықтама беріп, экстремизм құбылысына қарсы тұрудың нақты принциптері мен әдістерін қалыптастыру қажет.

«Экстремизм» ұғымы өкінішке орай, даулы мәселе болып қала отырып, осы күнге дейін нақты анықтама таба алмайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша «экстремизм» деп өз теріс діни идеологиялық мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, қазіргі мемлекеттік, құқықтық және демократиялық жетістіктерге, мемлекеттік іргетастарға қарсы нұқсан келтіруге бағытталған агрессивті күрес жөніндегі қызметті түсіну керек.

Экстремистік қылмыстардың жіктелуі көбінесе автордың көзқарасына және осы заңсыз әрекеттерді жіктеуге негіз болатын өлшемдерге байланысты болып келеді.

Осы мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды, шетел тәжірибесін талдау арқылы қылмыстық-атқару жүйесіндегі экстремистік іс-әрекеттер үшін жазасын өтеп жатқан сотталғандар тұрғысынан осы бағытта жаңа қылмыстарды болдырмау, олардың алдын алу, сонымен қатарды осы сотталғандарды дерадикализациялау бойынша келесі қорытынды жасауға болады:

1. Терроризм мен экстремизм үшін сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға деген ерекше қауіптілігін, ауырлығын, олардың басқа сотталғандарға көрсететін әсерінің ерекшелігін ескере отырып, осы санаттағы арнайы контингентті пенитенциарлық мекемелерінде бөлек ұстау туралы мәселе өткір деңгейде туындайды.

Қылмыстық жаза атқару орындарындағы радикалдар мен теріс діни бағыттағы басқа да топтардағы сотталғандарды жүйелі түрде ажырату жұмыстарын орындау қажет. Бұған көшбасшылық үшін топ ішіндегі күрес, сондай-ақ сотталғандардың радикалды көзқарастың беделін түсіретін іс-әрекеттер ықпал етеді. Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты бөлімшелер қызметінің функция, нысандары мен әдістеріне қосымша әрқашан қарапайым заңдылықты қадағалау қажет: мекеме қабырғасындағы

радикалды сотталған неғұрлым ерте анықталып, шектелсе, солғұрым оның қызметін бақылап, бейтараптандыру оңай болады.

Экстремизм үшін пенитенциарлық мекемедегі жазасын өтеуші сотталғандардың өте күрделі санаты бола отырып, жазаны атқару және жазаны өтегеннен кейін де басты назарда қалуға тиіс.

Егжей-тегжейлі пысықталған теориялық база мен шетел тәжірибесі, нақты пенитенциарлық мекемелердің ерекшелігі, сотталғандардың бөлінген санаттарының жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде экстремизм қылмысы үшін сотталғандарды бөлек, оқшау жағдайында ұстау мекемелердегі қалыпты жағдайды тұрақтандыруға ықпал ететін болады. Сонымен қатар діни экстремистік топтардың жетекшілері мен қатысушыларының белсенділігін төмендетіп, олардың әрекеттерін оқшаулап, басқа санаттағы қылмыс үшін сотталғандар тарапынан жаңа діни деструктивті сотталғандардың пайда болуына жол бермейді.

Осыған орай, экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандарды басқа қылмыс үшін сотталғандардан оқшаулап, бөлек ұстау жағдайларын ұйымдастыру мақсатында қолданыстағы ҚАК-нің 94-бабының 2-бөлігінің 3 абзацына сәйкесті толықтырулар енгізу қажет деп санаймыз.

2. Сотталғандарды радикаландыру процесі әдетте, біртіндеп, созылмалы түрде жүзеге асады. Радикалдану процесінің қарқындылығы мен дәрежесі ұйымдық өзектің қалыптасуымен, көшбасшының жеке беделінің өсуімен және құрылымға жаңа мүшелердің тартылуымен күшейе түседі.

Шетелдік теологиялық мекемелерде, халықаралық террористік ұйымдар жағындағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушылар немесе оларды даярлау лагерьлерінде оқытудан өткен, экстремистік сипаттағы баптар бойынша сотталғандар, олардың туыстық, достық және өзге де байланыстары, жаңадан қабылданғандар (неофиттер) радикалдану процесінің катализаторлары болып табылады.

Экстремистік діни ағымдардағы және осы сипаттағы қылмыстар үшін сотталған адамдар бас бостандығынан айыру орындарында ерекше белсенділік танытады. Бір жағынан, олар өздерінің мінез-құлқымен сотталғандардың негізгі құрамына қарсы тұрады және қақтығыстарды тудырады. Бұл жаңа ауыр қылмыс жасауға әкелуі мүмкін. Басқа жағынан, экстремистік ағымдардың жоғары білім деңгейіне ие жақтаушылары өзге сотталғандардың едәуір бөлігін радикалды идеологиямен қызықтыра алады.

Экстремизм мен терроризм үшін сотталғандар құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауға шақыруға ықпал ету және ұсыныс жасау дағдылары бар жақсы психологтар болып табылады.

Осы санаттағы сотталғандарға қатысты дерадикализациялау жұмысын нәтижелі жүргізіп, олардың жеке ерекшеліктерін зерделеу үшін оларға дінтану саласында арнайы оқытудан өткен қылмыстық-атқару жүйесі қызметтерінің неғұрлым тәжірибелі қызметкерлерін бекіту қажет.

Мекемедегі өзге қылмыстар бойынша сотталғандардың дербестігін және радикалдануын болдырмау мақсатында пенитенциарлық мекеме қызметкерлері үшін арнайы мерзімді курстарды міндетті түрде енгізу қажет деп есептейміз.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін психокоррекция бағытында дағдылары жоғары, арнайы діни білімі бар мамандарын тарту өте маңызды. Қосымша ықпал ретінде әрбір сотталған экстремистер жазасын өтеп жатқан қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне мүмкіндігінше діни қызметшісін бекіту дұрыс.

Осыған байланысты қылмыстық-атқару жүйесіне қызметке тағайындалатын кандидаттар үшін Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды ҚР-ның заңнамасын білуге арналған тестілеу бағдарламасына ҚР-ның «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» және «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңнамаларын қосып, республикамыздың мекемелерде

діни деструктивті сотталғандармен жұмыс істейтін қызметкерлерге жылына 2 рет біліктілікті арттыру курстарын енгізу ұсынылады.

3. Радикализм мәселесі өте өткір түр. Шетел мемлекеттерінің тәжірибелеріне сәйкес дерадикализацияның кейбір бағдарламалары сотталғандардың отбасылары мен балаларына қамқорлық жасауды көздейтін тармақтарды қамтиды.

Сотталғанның бойындағы діни теріс ағымдағы идеологияны жоюдың ықпалды жолдарының бірі – сотталғанның жанұясына көмек көрсету арқылы сотталғанның көзқарасына әсер ету. Радикалды бағытталған сотталғандарды дәстүрлі дінге келтіруге, сол сияқты оларды қоғамға қайта бейімдеу үшін сотталғанның отбасына қамқорлық жасауға көп көңіл бөлу қажет.

Діни идеяларды саналы түрде қолдану сотталған экстремистер санасының оң өзгерістерін туғызады және нығайтады. Дәстүрлі исламның идеяларын діни институттар арқылы, әсіресе отбасы арқылы діни деструктивті сотталғанның санасын дерадикализацияға, экстремистік идеологияның жойылуына ықпал етеді.

Дамыған шетел мемлекеттердің тәжірибесіне сәйкес сотталғандарға қатысты отбасылары арқылы дерадикализациялау процесі бойынша әр түрлі қабылданған бағдарламалардың өзіндік аймақтық ерекшеліктері бар.

Атап айтқанда, құрметті және беделді діни қайраткерлер мен имамдардың консультациялары, психологиялық консультация беру, жақын ортаны, ата-ананы, достарды және отбасын қатыстыру арқылы дерадикализациялау процесі, кәсіби тренингтер, сондай-ақ сотталғандар бас бостандығын айыру мекемелерінен бостандыққа шыққаннан кейін бейбіт өмір процесіне қатысу. Бұл бағдарламалардың инновациялылығы, олар сотталған экстремистерге және қауіп-қатер тобындағы сотталғандарға қатысты тек күштік әдістерге негізделген үйреншікті шеңберден тыс әдістемелер мен тәсілдерді ұсынады.



Деструктивті діни ағымдағы сотталғандарды дерадикализациялауға және үкіметке деген радикалды көзқарасын өзгерту үшін олардың отбасылары және жақын туыстарына психологиялық, әлеуметтік жәрдем көрсету қажеттілігі туындады.

Осы тиімді тәсілді республикамыздың аумағында қолданысқа енгізу үшін ҚР-ның «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 6-бабымен көзделген адамның (отбасы) өмірлік қиын жағдайда жүр деп танылуы мүмкін негіздерге экстремизм қылмысы үшін сотталған тұлғалардың отбасы мүшелері санатымен толықтыру ұсынылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысын қорытындылай келе, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі діни экстремизм қоғамымыздың, ұлтымыздың қауіпсіздігіне, тұтастығына қауіп төндіретін құбылыс екендігін байқауымызға болады. Оның бірден бір дәлелі 2022 жылғы Алматы қаласында орын алған «қаралы қаңтар» оқиғасы болып табылады. Осы мәселе Қазақстан Республикасында жасырын діни ұяшықтардың болуының және бұл проблеманы Қазақстан Республикасының президенті Парламент алдында сөйлеген сөзінде атап өтті. Сондықтан, бұл тұтастай ұлт қауіпсіздігіне қатер төндіріп отырған проблемамен дер кезінде күресу маңызды алдын алу шараларының бірі болап табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 сәуірдегі N 316-II Заңы [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000316> (жүгіну күні 03.05.2021).
2. А.Мироглов. Хроники террора в Казахстане: дерзкий побег из тюрьмы в Актау [Электронды ресурс]// «Sputnik» желілік ақпарат агенттігінің сайты. – Қатынау режимі: <https://ru.sputnik.kz/20180916/hroniki-terrora-pobeg-aktau-7246843.html> (жүгіну күні 03.05.2021).
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. ҚР Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ. [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> (жүгіну күні 01.06.2021).\_
4. Таджикистан: как остановить расползание экстремизма в тюрьмах? [Электронды ресурс]// Центральноазиатское бюро аналитической журналистики CABAR.asia сайты. – Қатынау режимі: <https://cabar.asia/ru/tadzhikistan-kak-ostanovit-raspolzanie-ekstremizma-v-tyurmah> (жүгіну күні 06.06.2021).\_
5. ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ресми сайты. [Электронды ресурс]// GOV.KZ мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы. – Қатынау режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ps?lang=kk/> (жүгіну күні 08.06.2021).\_
6. ҚР-ның 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527#z353> (жүгіну күні 01.07.2021).\_

7. ОТЧЕТ ФАТФ. Финансирование вербовки в террористических целях. Январь 2018. [Электронды ресурс]// ФАТФ (2018), Финансирование вербовки в террористических целях, ФАТФ, Париж. – Қатынау режимі: [https://eurasiangroup.org/files/uploads/files/otcet-fatf-finansirovanie-verbovki-v-terroristiceskih-celah%20\(1\).pdf](https://eurasiangroup.org/files/uploads/files/otcet-fatf-finansirovanie-verbovki-v-terroristiceskih-celah%20(1).pdf) (жүгіну күні 07.08.2021).
8. 10 крупнейших терактов в мире. [Электронды ресурс]// «ТАСС» – ведущее государственное информационное агентство России. – Қатынау режимі: [https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/2436364?utm\\_source=google.com&utm\\_medium=organic&utm\\_campaign=google.com&utm\\_referrer=google.com](https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/2436364?utm_source=google.com&utm_medium=organic&utm_campaign=google.com&utm_referrer=google.com) (жүгіну күні 07.07.2021).
9. Экстремизм. [Электронды ресурс]// Уикпедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет. – Қатынау режимі: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%AD%D0%BA%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D0%B7%D0%BC> (жүгіну күні 17.07.2021).
- [10] «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 Заңы. [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031> (жүгіну күні 07.08.2021).
11. Жандосова Ш.М. Қазіргі әлемдегі діни экстремизм: саясаттанулық талдау: Монография / Жалпы ред. З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов. – Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ғылым кеңесінің философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. – 188 б.
12. Альджанова Н.К. Діни экстремизм мен терроризмнің таралу себептері, 04.10.2016 ж. [Электронды ресурс]// «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны. – Қатынау режимі: [http://gylymordasy.kz/kaz/2016/10/04/%D0%B4%D1%96%D0%BD%D0%B8-%D1%8D%D0%BA%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D0%B7%D0%BC-%D0%BC%D0%B5%D0%BD-](http://gylymordasy.kz/kaz/2016/10/04/%D0%B4%D1%96%D0%BD%D0%B8-%D1%8D%D0%BA%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D0%B7%D0%BC-%D0%BC%D0%B5%D0%BD)

[%D1%82%D0%B5%D1%80%D1%80%D0%BE](#)

[%D1%80%D0%B8%D0%B7%D0%BC%D0%BD%D1%96%D2%A3-](#)

[%D1%82%D0%B0%D1%80/](#) (жүгіну күні 09.08.2021).

13. М.Бесбаев, дінтанушы Оңтүстік Қазақстан облысының Дін мәселелерін зерттеу орталығы мемлекеттік коммуналдық мекемесі. [Электронды ресурс]// ИА NewTimes.kz — казахстанское информационное агентство, зарегистрированное в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан средство массовой информации. – Қатынау режимі: <https://newtimes.kz/regiony/37008-o-o-da-din-m-selelerin-zertteu-ortaly-y-biyl-500-den-astam-kezdesu-tkizbek> (жүгіну күні 30.08.2021).

14. А.Нұрахметұлы руководитель КГУ «Центр изучения проблем религий» Западно-Казахстанской области. . [Электронды ресурс]// ИА NewTimes.kz — казахстанское информационное агентство, зарегистрированное в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан средство массовой информации. – Қатынау режимі: <https://newtimes.kz/regiony/98087-v-zko-proshel-seminar-dlya-chlenov-antiterroristicheskoy-komissii> (жүгіну күні 30.09.2021).

15. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» ҚР 1992 жылғы 15 қаңтардағы N 1128-ХІІ Заңы. Күші жойылды - ҚР 2011.10.11 № 483-ІV. [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_) (жүгіну күні 01.10.2021).

16. Слепцов И. В. Пенитенциарная система Казахстана II Энциклопедия пенитенциарного права / под общ. ред. Р. А. Ромашова. - Самара: Самарский юридический институт ФСИН России, 2013. - С. 278.

17. Ещенко С.А. Меры противодействия проявлению экстремизма в России: постановка проблемы // Общество и право. 2009. № 2. С. 11–15.

18. Религии и экстремизм. Способы и методы противодействия религиозному экстремизму в местах лишения свободы : учеб.-метод. пособие / С. С. Оганесян [и др.]. М., 2016. 249 с.
19. Методы притводействия религиозного экстремизма в местах лишения свободы. Коноплин Н.Ю. В сборнике: Уголовно-исполнительная система и Русская Православная Церковь, другие традиционные для России религиозные объединения - взаимодействие в духовно-нравственном воспитании осужденных. Сборник материалов VI Международной научно-практической конференции. 2018. С. 186-190.
20. Альменов С.С., «Актуальные вопросы профилактики распространения религиозного экстремизма и терроризма в уголовно-исполнительной системе Республики Казахстан»// Дисертация на соискание магистра юридических наук//Костанайская Академия МВД имени Ш.Кабылбаева//2018 год. С.125.
- 21 . «Работать с осужденными за терроризм и экстремизм в колониях некому» [Электронды ресурс]// информация система «ПАРАГРАФ». – Қатынау режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31068155](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31068155) (жүгіну күні 08.10.2021).\_
22. kaz inform. [Электронды ресурс]// GOV.KZ мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы. – Қатынау режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ps?lang=kk/>\_(жүгіну күні 08.10.2021).\_
- 23 . Религии и экстремизм. Способы и методы противодействия религиозному экстремизму в местах лишения свободы : учеб.-метод. пособие / С. С. Оганесян [и др.]. М., 2016. 249 с.
24. Radicalisation Awareness Network (2016) Dealing with radicalisation in a prison and probation context, RAN Prisons and Probation–practitioners working paper, p. 3.
25. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен ақпарат [Электронды ресурс]// GOV.KZ мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай

платформасы. – Қатынау режимі:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat?lang=kk> (жүгіну күні 09.10.2021).

26. Таджикистан: как остановить расползание экстремизма в тюрьмах?

<https://cabar.asia/ru/tadzhikistan-kak-ostanovit-raspolzanie-ekstremizma-v-tyurmah> (жүгіну күні 10.10.2021).\_

27. В Кыргызстане построили тюремный корпус для заключенных экстремистов и террористов. [Электронды ресурс]// Inbusiness.kz – қаржы, экономика және саяси тақырыптарды терең зерттеп, оқырман назарына ең сапалы контент беруге бағытталған ақпараттық портал. – Қатынау режимі:

<https://inbusiness.kz/ru/last/v-kyrgyzstane-postroili-tyuremnyj-korpus-dlya-zaklyuchennyh> (жүгіну күні 10.10.2021).\_

28. Госдума приняла закон об изолированном содержании террористов в тюрьмах. [Электронды ресурс]// «ТАСС» – ведущее государственное информационное агентство России. – Қатынау режимі:

<https://tass.ru/obschestvo/5930749> (жүгіну күні 11.10.2021).\_

29. Справочник по работе с заключенными из числа воинствующих экстремистов и предупреждению порождающей насилие радикализации в тюрьмах. Организация Объединенных Наций, январь 2017 года. 155 стр.

30. Тематическое исследование, представленное Управлением пенитенциарных учреждений и реинтеграции Алжира в рамках двух совещаний Группы экспертов УНП ООН по работе с заключенными экстремистского

толка, склонными к насильственным действиям (Вена, Австрия, 16–18 декабря 2015 года и 1–3 июня 2016 года). 155 стр.

31. Pickering, R.: “Terrorism, extremism, radicalisation and the offender management system in England and Wales”, in: A. Silke (2014): Prisons, Terrorism and Extremism, p. 162; Ministry of Justice (2016): Government sets out new measure to tackle extremism in prisons, Press release, 22 August

32. Ресурсы и риски ресоциализации осужденных мусульман: социокультурный аспект. [Электронды ресурс]// disserCat — электронная библиотека диссертаций. – Қатынау режимі: <https://www.dissercat.com/content/resursy-i-riski-resotsializatsii-osuzhdennykh-musulman-sotsiokulturnyi-aspekt> (жүгіну күні 11.10.2021).\_
33. Дерадикализация заключенных в тюрьмах стран скандинавии. . [Электронды ресурс]// КиберЛенинка — это научная электронная библиотека открытого доступа (Open Access). – Қатынау режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/deradikalizatsiya-zaklyuchennyh-v-tyurmah-stran-skandinavii> (жүгіну күні 11.10.2021).\_
34. Свод методов и правил работы с заключенными-экстремистами, склонными к насильственным действиям, подготовленный Эндрю Силком, профессором криминологии Университета Восточного Лондона, для первого совещания Группы экспертов УНП ООН по работе с заключенными экстремистского толка, склонными к насильственным действиям (Вена, Австрия, 16–18 декабря 2015 года)
35. Документ, представленный Тюремной службой Сингапура в рамках двух совещаний Группы экспертов УНП ООН по работе с заключенными экстремистского толка, склонными к насильственным действиям (Вена, 28. Документ, представленный Тюремной службой Германии в рамках двух Австрия, 16–18 декабря 2015 года и 1–3 июня 2016 года). 155 стр.
36. Правила Нельсона Манделы 75–76 стр; Бангкокские правила, правила 29 и 33 стр;
37. Управление по профессиональной подготовке Департамента пенитенциарных учреждений Министерства юстиции Италии. [Электронды ресурс]// Конвенция против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания атты конвенцияға арналған ресми сайты. – Қатынау режимі: <http://docstore.ohchr.org/SelfServices/FilesHandler.ashx?enc=6QkG1d>

[%2FPPRiCAqhKb7yhsuOMGYTziGXu2yX5ndBaQLuZuBZBboVWlZQXhbWB9btNuY7rpohjChOW1fwBEC8Gy0wVviu%2B77mUWu6qjnXu3lstqIXDjJPzrz%2FX%2BKdb45rb](#) (жүгіну күні 12.10.2021).\_

38. Описание проекта CoPPrA. [Электронды ресурс]// веб-сайт Европейской комиссии. – Қатынау режимі: <http://www.coppra.eu/resources.php>. (жүгіну күні 13.10.2021).\_

39. Предпримчивая и гуманная внешняя политика Турции. [Электронды ресурс]// Министерство иностранных дел Турции. – Қатынау режимі: <https://www.mfa.gov.tr/russian.en.mfa> (жүгіну күні 15.10.2021).\_

40. ГКТФ ГЛОБАЛЬНЫЙ КОНТРТЕРРОРИСТИЧЕСКИЙ ФОРУМ. Римский меморандум, надлежащая практика № 10 стр 5.

41. Свод методов работы с заключенными-экстремистами, склонными к насильственным действиям, подготовленный Эндрю Силком, профессором криминологии Университета Восточного Лондона, для первого совещания Группы экспертов УНП ООН по работе с заключенными экстремистского толка, склонными к насильственным действиям (Вена, Австрия, 16–18 декабря 2015 года) стр 145.

42. United Nations Interregional Crime and Justice Research Institute / Government of Spain (2013): Building on the GCTF's Rome Memorandum – Additional Guidance on the Role of Religious Scholars and other Ideological Experts in Rehabilitation and Reintegration Programmes.

43. Стратегия противодействия международному терроризму Объединенного Королевства. Представлена в парламент премьер-министром и министром внутренних дел по указанию ее Величества. Лондон, 2009. 48 с.

44. Уголовно-исполнительная система на современном этапе: взаимодействие науки и практик материалы Международной научно-практической межведомственной конференции. Под общей редакцией А.А. Вотинова. 2016 стр. 619;



45. Террорист Руслан Кулекбаев дважды пытался покончить с собой. [Электронды ресурс]// Сетевое издание «Интернет ресурс Tengrinews. – Қатынау режимі: [https://www.google.com/search?q=%D0%A0%D1%83%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%BD+%D0%9A%D1%83%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2+%D1%82%D0%B5%D1%80%D1%80%D0%BE%D1%80%D0%B8%D1%81%D1%82&ei=dFNLYvrJHM6qrgSq1pKgDQ&ved=0ahUKEwj606-Rnvv2AhVOIYsKHSqrBNQQ4dUDCA4&uact=5&oq=%D0%A0%D1%83%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%BD+%D0%9A%D1%83%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2+%D1%82%D0%B5%D1%80%D1%80%D0%BE%D1%80%D0%B8%D1%81%D1%82&gs\\_lcp=Cgdnd3Mtd2l6EAMyBggAEBYQHjoHCAAQRxCwAzoFCAAQgAQ6BAgAEEM6BQghEKABSgQIQRgASgQIRhgAULcMWL1AYKROaANwAXgAgAGMBYgB1B6SAQswLjluNC4yLjluMpgBAKABAcgBCMABAQ&sclient=gws-wiz](https://www.google.com/search?q=%D0%A0%D1%83%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%BD+%D0%9A%D1%83%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2+%D1%82%D0%B5%D1%80%D1%80%D0%BE%D1%80%D0%B8%D1%81%D1%82&ei=dFNLYvrJHM6qrgSq1pKgDQ&ved=0ahUKEwj606-Rnvv2AhVOIYsKHSqrBNQQ4dUDCA4&uact=5&oq=%D0%A0%D1%83%D1%81%D0%BB%D0%B0%D0%BD+%D0%9A%D1%83%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2+%D1%82%D0%B5%D1%80%D1%80%D0%BE%D1%80%D0%B8%D1%81%D1%82&gs_lcp=Cgdnd3Mtd2l6EAMyBggAEBYQHjoHCAAQRxCwAzoFCAAQgAQ6BAgAEEM6BQghEKABSgQIQRgASgQIRhgAULcMWL1AYKROaANwAXgAgAGMBYgB1B6SAQswLjluNC4yLjluMpgBAKABAcgBCMABAQ&sclient=gws-wiz) (жүгіну күні 15.10.2021).
46. Уваров, И.А. Идеология пенитенциарного сообщества в механизме латентизации пенитенциарной преступности«Международные юридические чтения». – Омск: Изд-во Омского юрид. ин-та.– 2007. – Ч. 4. – С. 157–163.
47. Васильев А. И. Исполнение наказаний, связанных с мерами исправительно-трудового воздействия : учебное пособие / А. И. Васильев, А. В. Маслихин. – Рязань: РВШ МВД СССР, 1989. – С. 33.
48. Понятие и содержание осуществления надзора за осуждёнными в исправительных учреждениях. [Электронды ресурс]// Студенческая библиотека онлайн ([inf{at}studbooks.net](mailto:studbooks.net)). – Қатынау режимі: [https://studbooks.net/996281/pravo/ponyatie\\_soderzhanie\\_osuschestvleniya\\_nadzo\\_ra\\_osuzhdyonnymi\\_ispravitelnyh\\_uchrezhdeniyah](https://studbooks.net/996281/pravo/ponyatie_soderzhanie_osuschestvleniya_nadzo_ra_osuzhdyonnymi_ispravitelnyh_uchrezhdeniyah) (жүгіну күні 19.10.2021).
49. Южанин В. Е. Уголовно-исполнительное право : учебник в 2-х т. Т. 2: Особенная часть / под общ. ред. Ю. И. Калинина. – М.; Рязань: Логос; Академия права и управления ФСИН России, 2006. – С. 154.

50. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 897 қаулысы. [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000897> (жүгіну күні 22.10.2021).

51. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. [Электронды ресурс]// ҚР Президентінің ресми сайты. – Қатынау режимі: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar) (жүгіну күні 22.10.2021).

52. Штатные теологи появились в казахстанских тюрьмах. [Электронды ресурс]// информационная система «ПАРАГРАФ». – Қатынау режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32940453](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32940453) (жүгіну күні 25.10.2021).

53. С осуждёнными в казахстанских тюрьмах будут работать теологи. . [Электронды ресурс]// informburo.kz – мультимедиялық, ақпараттық-сараптамалық портал. – Қатынау режимі: <https://informburo.kz/novosti/s-osuzhdyonnyimi-v-kazahstanskih-tyurmah-budut-rabotat-teologi.html> (жүгіну күні 25.10.2021).

54. Еркінбек Шокай: Наши национальные традиции тесно переплетены с религией Ислам. [Электронды ресурс]// Azan.kz — Ислам ақпараттық-ағарту порталы. – Қатынау режимі: <https://azan.kz/maqalat/read/erkinbek-shokay-nashi-natsionalnyie-traditsii-tesno-perepletenyi-10939> (жүгіну күні 23.09.2021).

55. Дәстүрін бағалаған елміз, жұма уағызы. [Электронды ресурс]// Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты. – Қатынау режимі: <https://www.muftyat.kz/kk/qa> (жүгіну күні 23.09.2021).

56. ҚР Тероризмге қарсы орталығы ресми сайты. [Электронды ресурс]// GOV.KZ мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай

платформасы. – Қатынау режимі:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/antiterrosticheskiy-centr?lang>

57. Павленко А. А. Надзор как одно из требований режима в учреждениях ФСИН России : лекция / А. А. Павленко, С. И. Аниськин. – Томск, 2006.

58. Коментарий закону Республики Узбекистан «О БОРЬБЕ С ТЕРРОРИЗМОМ». [Электронды ресурс]// **Legislationline.org** — это бесплатная онлайн-база данных по законодательству, созданная для оказания помощи государствам-участникам ОБСЕ в приведении своего законодательства в соответствие с соответствующими международными стандартами в области прав человека. – Қатынау режимі: <https://www.legislationline.org/ru/documents/id/22649> (жүгіну күні 23.09.2021).

59. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031>

60 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» ҚР Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226> (жүгіну күні 23.11.2021).

61. Из колонии строгого режима в Актау сбежал 21 заключенный. [Электронды ресурс]// Сетевое издание «Интернет ресурс Tengrinews. – Қатынау режимі: <https://tengrinews.kz/accidents/iz-kolonii-strogogo-rejima-v-aktau-sbejal-21-zaklyuchennyiy-55149/> (жүгіну күні 23.11.2021).

62. Уголовно-исполнительной кодекс Кыргызской Республики. [Электронды ресурс]// Веб-сайт Департамента пробации при Министерстве юстиции Кыргызской Республики. – Қатынау режимі: <https://probation.minjust.gov.kg/ru/o-probacion/normativnye-pravovye-akty/ugolovno-ispolnitel-nyy-kodeks-kr.html> (жүгіну күні 23.11.2021).

63. Исламские ученые приняли международный документ, осуждающий экстремизм. [Электронды ресурс]// Сетевое издание РИА Новости зарегистрировано в Федеральной службе по надзору в сфере связи,

информационных технологий и массовых коммуникаций. – Қатынау режимі <https://ria.ru/20120526/658329536.html> (жүгіну күні 23.11.2021).

64. «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380> (жүгіну күні 23.11.2021).

65. «Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тесттен өткізу қағидаларын, бағдарламаларын және оны ұйымдастыруды бекіту туралы» ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 1 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылғы 10 қазанда № 14317 болып тіркелді. [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014317> (жүгіну күні 22.11.2021).

66. «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» ҚР Заңы 2015 жылғы 19 мамырдағы № 314-V ҚРЗ. [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000314> (жүгіну күні 23.11.2021).

67. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы. [Электронды ресурс]// «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қатынау режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000114> (жүгіну күні 23.11.2021).